



**Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы білім беру басқармасының
«М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК**

«Шығармашылық. Жұмыс. Нәтиже»

Тәжірибе жинақтау



Мазмұны

1 ТАРАУ. Оқушылар сарайында балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру жүйесін ұйымдастыру.

1. Оқушылар сарайының тарихи кезеңдері.
2. Оқушылар сарайының жалпы сипаттамасы және құрылымы.

2 ТАРАУ: Оқушылар сарайының даму үдірістері және жұмысының басты бағыттары.

1. Әдістемелік қызмет.
 - 1.1 Облыс білім беру ұйымдары және Оқушылар сарайы педагогтерінің кәсіби біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыру.
 - 1.2 Облыс педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың ғылыми – әдістемелік орталығы.
 - 1.3 Әдістемелік қызметтің тиімділік мониторингісі.
2. **Оқушылар сарайы - көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыруға арналған білім беру және тәрбие кеңістігі.**

- 2.1 Оқушылар сарайының Медиа орталығы.
- 2.2 Ғылыми – техникалық бағыт.
- 2.3 Көркем – эстетикалық бағыт.
- 2.4 Әлеуметтік – педагогикалық бағыт.
- 2.5 Денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларға қосымша білім беру.
- 2.6 Балалардың жазғы демалысын және бос уақытын қамту бағдарламасы.

3. Оқушылар сарайының жобалық қызметі.

4. Мәдени-бос уақытты қамту іс-әрекеті.

5. Балалар бұқаралық қозғалысын дамыту.

- 5.1 Өзін-зі дамыту және тиімді көшбасшылықтың күндізгі– сырттай мектебі. «Тәлімгерлер ассоциациясы».
- 5.2 Облыстық тәлімгер шеберлігінің мектебі.
- 5.3 «Тиімді көшбасшылық шеберханасы». «Павлодарлық Ертіс өңірінің балалары» бағдарламасы.

3. ТАРАУ. Оқушылар сарайының педагогикалық ұжымы жұмысының нәтижелігі. Тәрбиеленушілердің әлеуметтенуі және мамандандырылуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Қосымша

1. Оқушылар сарайы педагогтерінің жұмыс тәжірибесін тарату.
2. Оқушылар сарайының ұжымдары мен тәрбиеленушілерінің жетістіктері.
3. Облыстық және қалалық балалар активі мектебінің географиясы.
4. «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымының бұқаралық іс-шаралары.
5. «От видеосюжета - к детской телепередаче» авторлық бағдарламасы.

1 ТАРАУ:

М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайында балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру жүйесін ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі дамуының заманауи кезеңі оның бүкіл баспалдақтарының, соның ішінде қосымша білім берудің, түбегейлі жаңғыруымен сипатталады. Балаларға қосымша білім беру бүгінгі күні қазақстандық қоғамда қалыптасқан білім беру кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру – балалардың шығармашылығын дамыту үшін жағдай жасау жүйесі, олардың тұлғалық қабілетін анықтау, қоғамдық өмірге бейімделу, қазақстандық патриотизм, азаматтық сана сезім, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, жалпы мәдениет, СӨС, экологиялық мәдениет және балалар мен жасөспірімдердің, сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі балалардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру.

ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, 2012-2016 арналған оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту бойынша іс-әрекеттердің Ұлттық жоспары балалар мен жастардың тұлғалық, әлеуметтік бейім-қабілеті, қызығушылығын дамыту және кәсіби жолын анықтаудың маңызды бір факторы болып табылатын қосымша білім берудің маңызды рөлі атап өтілді.

Оқушылар сарайы тарихының кезеңдері

1978 жылы 5 қарашада Павлодарда М.М.Катаев атындағы Пионерлер сарайы ашылды. 9826,7 шаршы.м. үш қабатты ғимараттың студиялары мен кабинеттерінің есігі айқара ашылды.

Сарайдың бірегей ғимараты Павлодар қаласының сәулет ансамблінің көркіне айналды.



Пионерлер сарайының бірінші директоры Никитенко Виталий Петрович болды.



1982 жылдың көктемінде біздің Пионерлер сарайында Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қонақ болды.



Біздің балаларымызда қонақта болғандар: ұшқыш-ғарышкер, Совет Одағының екі дүркін Батыры полковник Губарев Л.М. және Совет Одағының екі дүркін Батыры, ғарышкер-зерттеуші Аксенов Владимир Викторович.



1997 жылы Павлодарда жас дарындардың «Айналайын» Халықаралық фестивалі - «Ертіс-97» өткізілді. Фестивальға «Бөбек» республикалық қорының Президенті Сара Алпысқызы Назарбаева, Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрі Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов қатысты.

1985 жылдың мамырында «Аталар - ардагерлер, немерелер-із зерттегіштер» мемориалдық мұражайы ашылды. Оны басқа мұражайлардан ерекшелігі - айқын бағыттылығы, хабарсыз кеткен солдаттарды іздестіреді, сондықтан біздің мұражайды Жеңіс естелігінің рухани орталығы деп атауға толықтай негіз бар. Мұражай экспозициясында 400 тарта іздестіру істері және тарихымыздың ең қайғылы парақтары –Ұлы Отан соғысы жайлы әңгімелейтін мыңнан аса экспонат бар. Мұражайда Оқушылар сарайына аты берілген Совет одағының батыры Михаил Максимович Катаевтың өмірі мен ерлігі туралы материалдар жинақталған.

1998 жылы жас журналистердің «Жас қалам» атты алғашқы фестивалі өткізілді.

2003 жылы балалар-жасөспірімдердің алғашқы облыстық Құрылтайы облыстың түкпір-түкпірінен келген көшбасшылардың басын қосты.

2006 жылы 2 Республикалық «Білім ұясы» конкурсының қорытындысы бойынша Павлодар облыстық М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы «Үздік Оқушылар сарайы» номинациясында бірінші орынды иеленді. «Аталар - ардагерлер, немерелер-із зерттегіштер» мұражайы Республикалық мұражайлар конкурсында жүлделі орынға ие болды.

«Сенің әлемің - Твой мир» балалар-жасөспірімдер облыстық газетінің алғашқы нөмірі жарық көрді.



2007 жылы Павлодар облысының балалар қоғамдық ұйымы Бірінші Ұлттық «Балалық шақ – Друг детства» конкурсының жеңімпазы атанып, «Үздік үкіметтік емес ұйым» естелік белгісін иеленді.



Заманауи

Оқушылар сарайы Пионерлер сарайының ісін заңды жалғастырушысы.



2013 жылдан бастап «М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК-ның басшысы Ерубасева А.Ж. Кәсіби қызметтегі табыстары үшін Алма Жұмабайқызы ҚБРОӘО Алғыс хаты, «Қазақстан Республикасы білім беру саласының құрметті қызметкері» белгісі, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған медальмен марапатталды.

2014 жылы ғылыми-танымал фильмдерді көруге арналған толық күмбезді сандық кинотеатры бар планетарий ашылды.

Ұлы Жеңістің 70-жылдығына орай «Аталар - ардагерлер, немерелер-із зерттегіштер» мемориалдық мұражайы қалпына келтірілді. Бүгінгі таңда мұражайда мына тақырыптар бойынша тоғыз экспозиция қойылған «Хабар-ошақсыз кеткен жоқ...»,

«Павлодарлықтар – Совет Одағының Батырлары», «Павлодарлықтар – үш Даңқ Орденінің кавалерлері», «Ұрыс жүрген жердің қасиетті топырағы», «Аталар - ардагерлер» (Ұлы Отан соғысының ардагерлері), «Немерелер-із зерттегіштер» («Қызыл із зерттегіштер» жасағының жұмысы туралы), «Эвакогоспиталь № 2448». Жеке экспозиция мұражайдың негізін қалаушы майдангер Владимир Михайлович Дьяченкоға арналды.



2015 жылы Павлодар облысының пионер қозғалысының тарихы жайлы баяндайтын «От Пионерии до Жас Ұлана» мұражайы ашылды.

Павлодар облысының балалар-жасөспірімдер ұйымы – ОБЖҰ ҚБ заңды тұлға мәртебесіне ие болды.



2015 жылғы 6 қарашада әлемнің 545 ғарышкері, қазақстандық ғарышкер Айдын Айымбетов астрономиялық обсерватория, байқау алаңы, астрономиялық сыныпқа қатысты.



2014 жылдан бастап дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу бойынша Оқушылар сарайының Омбы қаласы әкімшілігінің білім беру Департаментімен ынтымақтастық жұмысы іске асырылып келеді. 2015 жылы «Балаларға қосымша білім берудің бүгіні мен ертеңі. Жұмыстың тиімді тәжірибелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Кездесудің қорытындысы бойынша Павлодар қаласының білім беру бөлімі және Омбы қаласы әкімшілігінің білім беру Департаменті арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



2015 жылы М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында білім беру мәселесі бойынша халықаралық кеңесші, Англия Ұлы Патшайымының инспекторы және білім беру саласының стандарттары бойынша басқарманың жоғары басшылық құрамының мүшесі, білім беру ұйымдарын тексеру пилоттық жобасын жасаушылардың бірі Энди Рид қонақта болды.



2016 жылдың тамызында Оқушылар сарайында «Жас Ұлан» өңірлік ББЖҰ орындаушы хатшыларының қатысуымен Республикалық Құрылтай өткізілді. Балалар бұқаралық қозғалысын дамыту бойынша бөлім әдіскерлері Оқушылар сарайында 2016 жылы «Жас Ұлан» ББЖҰ РҚБ республикалық штабында тәжірибесі жинақталған және Балалар қозғалысын дамытудың инновациялық үлгісі ретінде еліміздің басқа да өңірлерінде қолдануға ұсынылған Павлодар облысының «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымының облыстық штабының жұмыс тәжірибесі көрсетілді.



2016 жылғы желтоқсанда облыстық М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы Назарбаев зияткерлік мектебінде жұмыс істейтін шетелдік оқытушылар делегациясын қабылдады. Зора Кеффер (Канада), Эрвин Шольц (ОАР), Мануэль Ортега (Колумбия), Антонио Родригес (АҚШ) балаларға қосымша білім беруді ұйымдастырудың түрлері мен қағидаларымен танысты.



2. Оқушылар сарайының жалпы сипаттамасы және құрылымы

«Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайында қосымша білім беруді дамытудың өзектілігі білім беру мекемесінің балалар мен жасөспірімдер тұлғасын әлеуметтену және рухани, ұлттық бағытта тәрбиелеу қажеттілігінен туындады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесі қазіргі жағдайда білім беру кеңістігінің маңызды құрамы ретінде қарастырылады, мұқият ойластырылған және тексерістен өткен талаптардың негізінде оның ұйымдастырылуы балалық шақтың қиындықтарын жеңуге көмектеседі, дарынды және талапты балаларды қолдайды және дамуын қамтамасыз етеді.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгерістер, жоғары технология саласындағы техникалық мамандықтарға қызығушылықтың артуы, ғылыми-техникалық шығармашылықтың ролін маңызды ете түседі. Оның дамуы өскелең ұрпақты еліміздің ғылыми-өндірістік кешенін дамытуға қатыстыруға тарту, инновациялық белсенділігін арттыру, білім беру және ғылыми жұмысты біріктіру, ең алдымен, өскелең ұрпақтың кәсіби жолын анықтау үрдісіне ықпал етеді. Бұл балалармен жұмыс ұйымдастырудың жаңа түрлері мен ғылыми-техникалық шығармашылықты жаңа сапада дамытудың жолдарын іздестіруді талап етеді.

М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайында балаларға қосымша білім беруді дамытудың стратегиялық тәсілдері өскелең ұрпақтың өзін өзі дамытуы және әлеуметтенуінің негізгі міндеттерін шешу және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдары белгілеген тәрбие саясатының басты қағидаларын іске асыруға бағытталған.

Белгілі бір уақыт ішінде қалыптасқан Сарай жұмысының жүйесі келесідей басты бағыттарды атап көрсетуге мүмкіндік береді:

- білім беру қызметін көрсету;
- жалпы және қосымша білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлерімен әдістемелік жұмыс;
- облыстық бұқаралық іс-шаралар өткізу;
- балалар бұқаралық қозғалысын дамыту.

Қосымша білім беру қызметіне деген сұраныс жыл сайын өсуде. Оқушылар сарайында оқушыларды қосымша білім берумен қамту студия мен топтар санының өсуі, контингенттердің артқанын көрсетті, бұл қосымша білім беру қызметіне деген сұраныстың бар екендігінің айғағы. 2014 жылғы 15 қыркүйекте барлығы – 3318 тәрбиеленуші, 2016 жылғы 15 қыркүйекте - 6 - 18 жас аралығындағы 4261 тәрбиеленуші. 17 бағыт бойынша 129 үйірме жұмыс істейді.

Педагогикалық ұжымның құрамында 94 педагог бар, оның 31% педагогі авторлық бағдарлама бойынша жұмыс істейді: вокал, хореография, экология, балалар журналистикасы; көркем-эстетикалық және қоғамдық бағыттағы облыстық жобалар іске асырылуда, денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту жұмысы ұйымдастырылды.

Материалдық –техникалық база

Оқушылар сарайында 500 орынға арналған 36 оқу кабинеті, үш хореография залы, 400 орынға арналған үлкен театр залы, 150 орынға арналған кіші дәріс залы, Тұңғыш Президент кабинеті, «От Пионерии до «Жас Ұлана» мұражайы, «Аталар-ардагерлер, немерелер – із зерттегіштер» Әскери даңқ мұражайы, компьютерлік сынып, үш мультмедиялық кабинет, обсерватория, планетарий, астрономиялық сынып, робототехника кабинеті, дыбыс жазу студиясы, бес вокал студиясы, қазақ халық аспаптар оркестріне арналған кабинет, «Луч» киностудиясы, сәндік-қолданбалы шығармашылықтың көрме залы, шаштараз өнерінің студиясы, фотостудия жабдықталған.

2014 жылы Сарайдың ауданы 65,6 шаршы метрге ұлғайды. «Білімпаз» эстетикалық тәрбие және даму студиясы 10 оқу кабинеті, спорт залы және екі хореография залы бар екі қабатты жеке ғимаратқа орналасты.

Кітапхана Ғаламторға шығатын 5 компьютермен жабдықталған. Кітапхана қоры 19096 дананы құрайды.

Экологиялық зерханаға ауданы 96,2 шаршы метрді құрайтын оқу кабинеті мен байланысты кіші зообақ жатады. Аквариум, тор және вольерды 50 -ден астам үй жануарлары мекендейді.



Астрономиялық блокқа 5 мамандандырылған кабинет кіреді. Астрономиялық сынып оқушыларға арналған интерактивті және компьютерлік құралдармен жабдықталған. Техникалық кабинет кіші кино театрды басқаратын медиасервермен жабдықталды. Астрономиялық сыныптың зерханасы 5 персоналды телескоппен толықты, оның біреуі күн сәулелі, екеуі планетарлық.



Обсерваторияның күмбезі жаңартылды және аспан нысандарын бақылау үшін бейне түсіруді жүргізуге арналған экваториалдық платформасы бар Meade 16 LX 600-ACF (АҚШ) телескопы орнатылды. Обсерватория Күнді бақылауға мүмкіндік беретін күн сәулелі CORONADOTPSMT-30 SolarMax1190 (АҚШ) телескопымен жабдықталған. Сарайдың интерактивтік және мультимедийлік жеті құралдар жиынтығымен жабдықталуы сабақтың сапасын жаңа заманауи жоғары сапаға көтеруге мүмкіндік береді.

Оқушылар сарайы жұмысының басты бағыттары және даму үдірістері

М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында тәрбие жұмысының басты мақсат, міндет, бағыттары мен механизмдері «Мәңгілік ел» Патриоттық актісі және тәрбиенің Тұжырымдамалы негіздеріне сүйене отырып құрылды.

Білім беру және тәрбие жүйесін құруда қосымша білім беру қызметінің бәсекеге қабілеттілігі мен сұранысқа ие болуын Оқушылар сарайы білім беру және тәрбие жұмысы бағытындағы маңызды бөлігі деп есептейді.

М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының педагогикалық ұжымы бірлігімен келесідей бағдарламаларды іске асырады:

1) **М.М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының балаларға қосымша білім беруді дамытуының бағдарламасы** Қазақстан Республикасының қосымша білім беруді дамытудың негізгі бағыттарын іске асырады. Даму бағдарламасы білім беру үрдісінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту және тәрбиені біріктіру, әдіснама, «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идея негізінде мазмұн мен құрылымды жаңарту, отбасылық құндылықтар, сонымен бірге оқу мен тәрбие үрдістерін біріктіруге бағдарланған .

2) **Білім беру жұмысының сапасын дамыту бағдарламасы** бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастырады, инновациялық педагогикалық технологиялар енгізу және дамыту, негізгі және қосымша білім беруді біріктіру.


3) **«Балалар, жасөспірімдер және жастардың рухани-құндылықтар бағдарын қалыптастыру» тәрбие жұмысының бағдарламасы** бірыңғай тәрбиелік кеңістікті әзірлейді, оның басты құндылығы әрбір бала тұлғасы болып табылады, рухани, шығармашылық дамыған, адамгершілікті және дені сау, өмірлік ұстанымын саналы таңдауға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

4) **Павлодар облысы қосымша білім беру педагогикалық қызметкерлері, Оқушылар сарайы педагогикалық қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін дамыту бағдарламасы** облыс педагогтеріне арналған әдістемелік көмектің бірыңғай тиімді жүйесін құру, білім беру және тәрбиелеу үрдісінде педагогтерге табысты жұмыс істеу үшін жағдай жасауға бағытталған.

5) **Балалардың өзін-өзі басқаруын дамытудың бағдарламасы** қоғамға бейімделуіне, өзін көрсете білуге қабілетті тұлғаны дамыту, тәрбиеленушілердің қоғамдық өзін-өзі басқаруға ісіне қатысуға дайындығын іске асырады.

6) **«М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының білім беру және тәрбие үрдісі сапасының Мониторингісі» бағдарламасы** білім беру және тәрбие үрдісінің нәтижесі, көрсетілетін білім беру қызметінің сапасы және педагогикалық қызметтің тиімділігінің талдауын қамтамасыз етеді. Бағдарламаны іске асыру мыналарға бағытталады:

- оқушы тұлғасының интеллектуалдық әлеуеті, әлеуметтік-белсенді жұмысқа дайындығы, өзін-өзі жетілдіру мен шығармашылыққа дайындығын дамыту;
- тұлғаның ұлттық сана-сезімін, азаматтылығын, төзімділігін, патриотизмін қалыптастыру ;
- жаһанданған әлем адамының маңызды құрамдас бөлшегі ретінде балалардың үш тілді меңгеруіне дайындығы;
- әлемдік және туған жалпы ұлттық мәдениеттің тұтынушысы болуға қажеттілікті қалыптастыру.



5-18 жас аралығындағы төрт мыңнан аса бала жыл сайын Сарайдың үйірме, клуб, студияларында қосымша білім беру бағдарламаларын игереді және облысымыздың балалары мен жасөспірімдері бұқаралық іс-шаралар өткізуге тартылады. М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының қосымша білім беру қызметінің сұранысқа ие екендігінің көрсеткіші шығармашылық

бірлестіктердің тәрбиеленушілер контингентінің көбеюі.


2013-2014 оқу жылында 276 үйірмеде 3318 бала шұғылданды.

2014-2015 оқу жылы тәрбиеленушілер саны 3946-ға дейін көбейіп, студия, үйірме саны 338-ге дейін өсті.

2015-2016 оқу жылы 91 шығармашылық бірлестікте 3996 тәрбиеленуші оқып білім алды, оның 13-жетім балалар, 122 бала аз қамтылған отбасы балалары.

2016-2017 оқу жылы 4261 тәрбиеленуші білім алады, оның 4-жетім балалар, 40- денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі балалар.

Шығармашылық бірлестіктерде балалар мен жасөспірімдерді қамтудың сандық мониторингісі



Сабақтан тыс уақытта оқушылардың бос уақытын қамтумен негізгі құрамдағы 94 педагогикалық қызметкерлер шұғылданады. 22 педагог жоғары және бірінші санатты мамандар, 41% құрайды, екінші санатты педагог-23, бұл 29,5 %, санаты жоқ педагогтер -23 адам, 29,5 құрайды, бұлар жаңадан келген жас педагогтер. Білім деңгейі бойынша 78 педагогикалық қызметкердің жоғары білімі бар. Педагогикалық қызметкерлердің орташа жасы 35-40 жас шамасында. Ұжымның негізін 5-20жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер құрайды (82 %), бұл ұжымның жұмысқа қабілеттілігінің айғағы.

Әдістемелік жұмыс.

Қосымша білім беру ұйымының әдістемелік жұмысы – мазмұны тұлғаға бағытталған, білім беру-тәрбие үрдісінің заманауи әдістері мен түрлерін талдау және жинақтау, озық тәжірибені практикаға енгізу, педагогтерді балалармен жұмыстың аса тиімді технологиялары мен әдістеріне үйретуді ұйымдастыру болып табылатын педагогикалық қызметтің түрі.

М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы әдістемелік қызметінің құрылымы

Педагогикалық қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру

Педагогикалық кеңес	Әдістемелік кеңес	Көркемдік кеңес	Аттестаттау комиссиясы
Әдістемелік кабинет	Әдістемелік кітапхана	Психологиялық қызмет	Ақпараттық-баспа орталығы
Оқушылар сарайының педагогтарына арналған жас маман мектебі	Облыстық семинарлар: • Бастапқы жиын • Семинар-кеңес • Практикалық • Ғылыми-әдістемелік	Кәсіби шеберлік жобалары мен сайыстары	Әдістемелік басылымдарға шолу. Кітап көрмесі.
Педагогикалық тәжірибені анықтау, жинақтау және тарату	Ғылыми-практикалық конференция	Үздік педагогикалық жұмыстардың әдістемелік көрмесі	ОС ақпараттық-талдау жинағы, дидактикалық және әдістемелік материалдар жинағы. Тақырыптық кітаптар құрастыру
Педагогтарды аттестаттау	Тренингтер, коучингтер	Облыс педагогтарының шығармашылық топтары	Тақырыптық материалдарды БАҚ-на жариялау және орналастыру
Кәсіби біліктілікті арттыру курстары	Қала және облыс мектептеріне әдістемелік көмекке шығу	Педагогика қызметкерлерге әдістемелік кеңес	«Сенің әлемің» БЖҰ облыстық газетін шығару, Оқушылар сарайының сайты
Әдістемелік консалтинг	Педагогикалық тәжірибесін тарату • Шеберлік сабақтар • Шығармашылық зертхана • Сараптамалық кеңестер, қазыларалқасы • Баяндама, сөз сөйлеу		Бірыңғай әдістемелік күн

Әдістемелік қызмет жүйесі «Облыс қосымша білім беру педагогтері, Оқушылар сарайы педагогтерінің кәсіби біліктілігін дамыту бағдарламасын» іске асыруға бағытталған.

2013-2016 жылдарда ұжым «Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру – заманауи қосымша білім беруге көшудің шарты» тақырыбы бойынша жұмыс істеді. Бұл тақырып Оқушылар сарайы және оның бөлімдерінің педагогикалық және әдістемелік кеңестерінің мазмұнында көрініс тапты. Оқушылар сарай педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесі келесідей іс-шараларды өткізу арқылы іске асырылады:

- педагогикалық және әдістемелік кеңестер
- әдістемелік сағаттар, қабырға баяндамалары
- семинарлар
- әдістемелік материалдар көрмесі
- жас маман мектебі
- бірыңғай әдістемелік күндер, шығармашылық апталықтар
- аттестация
- кәсіби конкурс
- ашық және қорытынды сабақтар және өзара шеберлік сабақтарға қатысу.
- өздігінен білім жетілдіру бойынша жұмыстар


2016-2019 жылдарға жаңа әдістемелік тақырып белгіленді: «Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру заманауи қосымша білім беруге көшудің шарты». Бұл тақырып М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының педагогикалық ұжымының алдына қойған мақсат және

міндеттерді іске асыру, педагогтердің шығармашылық қабілетін дамыту және оны барынша көрсету үшін жағдай жасауға бағытталған.

Әдістемелік колсалтинг

Оқушылар сарайының әдістемелік қызметі әдістемелік кабинет, балалар активінің мектебі, Жас маман мектебі, әдістемелік сағат, жеке кеңестер арқылы кеңес берудің сапалы жүйесін құрды.

Облыс педагогтері, тәлімгерлер, балалар қозғалысының үйлестірушілері, мектеп психологтары мен кітапханашыларға арналған әдістемелік жинақ, буклет, прайс парақтар жоспарланған түрде жүйелі шығарылады.



Бағдарламаны іске асыру шеңберінде білім беру бағдарламаларын жаңарту жүргізілді. Рецензиядан өткен авторлық бағдарлама саны 2013 жылы 9 болса, 2016 жылы 29-ға дейін көбейді.

М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы педагогтерінің авторлық бағдарламалары

Бағдарламаның атауы	Мақсаты	Авторы
Көркемөнер бағаты		
«Қазақ әндері арқылы балалардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру»	Мемлекеттік және орыс тілінде қазақстандық композиторлардың шығармаларын зерделеу	Ноғаета Б.Қ.
«Балалар дауысының палитрасы»	Белсенді шығармашылық тұлғаны қалыптастыру, вокалдық-хор дағдысын меңгеру, орындау сапасына үйрету, музыкалық талғамды дамыту»	Атлан Т.И.

«Қосымша білім беру жағдайында музыкалық ұжымның жұмысын ұйымдастыру»	Музыкалық ұжым жағдайында дара қабілетті дамыту және кәсіби бағытты қалыптастыру	Валько Е.М.
«Сөз өнері мен қимылдың музыкамен жиынтығы»	Театр өнерінің тәсілдері арқылы балалардың шығармашылық біліктілігі мен дағдыларын дамыту, театр жұмысына тарту.	Бекболатова А.С.
«Авторлық ән репертуарының негізінде оқушылардың вокалдық қабілетін және музыкалық талғамын дамыту»	Дара вокалдық қабілетті дамыту және қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу.	Лютровник Э.Т.
«Қазақ халық аспаптар оркестрін шығармашылық жетілдіруді инновациялық –техникалық өркендету арқылы дамыту»	Ұлттық аспаптарда ойнау дағдыларын дамыту	Кенжиханова А.Г.
«Хореографиялық өнерге үйрету арқылы баланың көркем және эстетикалық дамуының жүйесі»	Классикалық, халық билері, және заманауи бағыттағы: джаз-модерн	Лапухина Г.А.
«Спорттық -сәндік хореография бойынша сабақ өткізудің әдістемелік негіздері».	Оқушыларды хореография өнеріне тарту, олардың шығармашылық қабілетін дамыту, денсаулығын нығайту.	Никитина В.А.
Хореографиялық өнерді тану арқылы баланың адамгершілік және физикалық тұрғыдан есеюі»	Эстрадалық би техникасы мен дағдыларын игеру	Корнюхина Л.В.
1) «Театр өнерінің тәсіл-құралдарымен балалардың шығармашылық қабілетін дамыту»	Театр өнерінің тәсілдері арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.	Билая М.Е.

Эстетикалық бағыт		
«Сәндік-қолданбалы шығармашылық эстетикалық дамудың құралы»	Сәндік-қолданбалы шығармашылықтың негіздерін зерделеу.	Мирзоян Е.Л.
«Шаштараз өнерінің негіздерін дамыту үрдісінде оқушылардың шығармашылық қабілетін және көркемдік талғамын дамыту»	Шашатараз өнері мен визаж негіздерін зерделеу.	Фирсова Т.С.
«Авторлық жұмсақ ойыншық жасау үрдісінде балалардың шығармашылық қабілетін дамыту және жетілдіру»	Авторлық ойыншықтар жасау дағдыларын қалыптастыру.	Гоголь А.Н.
««Палитра» бейнелеу өнері студиясының сабақтарында заманауи білім беру технологиялары»	Бейнелеу және қолданбалы-сәндік шығармашылықты зерделеу	Дмитриева В.А.
«Бейнелеу жұмысына оқыту нәтижесінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту»	Бейнелеу өнерінің түрлерін зерделеу.	Каркавина Е.А.
«Стильді бейне жасау үрдісінде шығармашылық қабілетті дамыту»	Заманауи шаштараз өнерінің дағдыларын қалыптастыру	Леденева Е.В.
«Тігін бұйымдарын дайындау технологиясы және көркем өрнектеу эстетикалық дамудың құралы»	Балалардың шығармашылық әлеуетін, көркем талғамын дамыту.	Сыздықова Л.А.
«Атаңнан қалған асыл мұра»	Ұлттық техникада сәндік-қолданбалы бұйымдарды жасау	Жақсылақ Д.Ж.
Техникалық бағыт		
«Алқызыл желкендер»	Техникалық үлгілеу және дизайн негіздерін зерделеу кезінде	Сайфулин М.Х.

	ағылшын ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру	
Гуманитарлық бағыт		
«Әдебиет өнер және көркем қағидалар мен ерекшеліктердің жүйесі»	Әдеби шығармашылыққа қызығушылықты дамыту	Юрченко М.В.
«Книжный причал» жас оқырмандар үйірмесінің бағдарламасы	Балалар әдебиетін зерделеу негізінде оқырман мәдениетін қалыптастыру	Суворова Т.В.
«Қазақ тілін тәжірибе жүзінде қолдану»	Оқушылардың қарым-қатынас біліктілігін дамыту	Ахантаева С.Б.
«Ұлттық салт-дәстүрлерді зерделеу»	Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мемлекеттік тілді зерделеу негізінде қазақстандық патриотизмді қалыптастыру	Оспанқұлова Ә.С.
«Сабақтастық»	Мектепке дейінгі балалардың когнитивтік және сезім саласын дамыту	Паскарь И.П.
«Бейімделу кезеңі»	Білім алуға психологиялық және оқу дайындығын қалыптастыру	Ахметова Ж.А.
Медиа білім беру		
«Балалар баспасөз орталығы» қазақстандық медиа білім саласындағы инновациялық білім беру жобасы	Мамандық ретінде журналистика негіздерімен танысу	Вайберт Е.В.
«Бейне сюжеттен балалар телехабарына дейін»	Журналист, оператор, жүргізуші, диктор мамандықтарының білік және дағдыларын дамыту.	Даирбаев Д.Б.
«Балалар журналистикасы»	Журналистика негіздерін мамандық ретінде мемлекеттік тілде зерделеу	Аипова Ә.С.

Психологиялық		
«Жанжалсыз әлем»	Оқушылардың коммуникативтік қабілетін дамыту, адамгершілік қарым-қатынас жүйесін тәрбиелеу	Коржова М.А.

Біліктілік деңгейіне талаптың артуы және кәсіби міндеттерді шешуде заманауи әдістерді меңгеру қажеттілігіне байланысты педагогтер жүйелі түрде біліктілік жетілдіру курстарынан өтеді. Біліктілікті арттырудың мақсаты кәсіби шеберлік, кәсіби мәдениетті дамыту, жаңа кәсіби біліктілікті меңгеру, теориялық және тәжірибелік білімді жаңарту болып табылады. Біліктілікті арттырудың жүйесін құратын идеясы мен қызметі педагогтің үздіксіз кәсіби-педагогикалық өзін өзі дамытуға бағытталуын қалыптастыру болады.

**М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы
қосымша білім беру педагогтерінің
біліктілік арттыру курстары**

Курс ұйымдастырушылары	Оқу жылы			
	2014	2015	2016	Барлығы
ҚБ РОӘО	4	1	13	18
«НЦПК «Өрлеу»КБҰО АҚ	3	1	2	6
Біліктілік арттыру және транссалалық технологиялардың өңірлік орталығы. ПМПИ	-	4	5	9
С. Торайғыров ат.ПМУ	-	1	1	2
ИнЕУ	4	1	-	5
Халықаралық ұйымдар	2	2	6	10
Қашықтан оқыту курсы	1	1	-	2
Басқалар	3	2	5	10
Барлығы	17	13	32	62

Дарынды педагогикалық қызметкерлерді қолдау, үздік әдістемелік әзірлемелерді насихаттау, заманауи педагогикалық практиканы жетілдіруге ықпал жасайтын, инновациялық технологиялар мен әдістерді таратуға әрекеттесу, балалардың оқу және тәрбие сапасын арттыру мақсатымен педагогтер арасында кәсіби шеберлік конкурстары өткізіледі. Оқушылар сарайының педагогтері халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі кәсіби конкурстарға белсенді қатысады.

Әдістемелік қызметтің салмақты жетістігі оқу-әдістемелік материалдардың «Әдістемелік вернисаж» Республикалық көрмесіне 2010, 2012, 2014 жылдарда облысымыздың қосымша білім беру педагогтерінің үздік әдістемелік материалдарының қатысуы болды. Қазылар алқасының пікірі бойынша, ұсынылған материалдар арасында ең маңызды әрі өзекті деп Павлодар облысының қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерінің әзірлемелері танылған болатын.

Бірінші орын: «Давайте выпускать газету» жинағы – Вайберт Е.В., «Ертіс» облыстық балалар-жасөспірімдер ұйымы» Қоғамдық бірлестік жұмысының кейбір аспектілері»- Фирсова Н.И., Голышева М.М., Ташпенова А.А., «Бейне сюжеттен балалар телехабарына дейін»- Д.Б.Даирбаев.

Екінші орын: «Балалар радиобаары» - Вайберт Е.В.

Үшінші орын: «Құқықтық білім мектебі» -Настругова Е.К., Ақсу қ.

Жоғары кәсіби табысы мен шеберлігі үшін екі педагог Ы.Алтынсарин атындағы Белгі, бір адам-«Қазақстан Республикасының білім беру саласының құрметті қызметкері» төс белгісі, екеуі Қазақстан Республикасының білім беру үздігі, бесеуі - «Алтын жұлдыз «Балалар үшін» медалінің иегері, алтауы ҚР БҒМ Құрмет грамотасымен марапатталды.

2013-2016 жылдары Оқушылар сарайы педагогтерінің кәсіби шеберлік конкурсына қатысуы

Бөлім	Іс шара	Орын	Педагогтің Т.А.Ә.
2013-2014			
Ғылым және техника бөлімі	«Білім әлемі-Мир знаний» облыстық конкурс	1 орын	Гуринов С.А.
Көркем тәрбие бөлімі	Халықаралық конкурс «Әлем. Өнер. Балалар». Испания.	Диплом «Үздік педагог»	Лютровник Э.Т.
Эстетикалық тәрбие бөлімі	XV Халықаралық фестиваль «Детство без границ» (Мәскеу қ.)	Фестиваль жұлдегері	Мирзоян Е.Л. Гоголь А.Н. Каркавина

		дайындағаны үшін Диплом	Е.А. Собинова С.В. Дмитриева В.А. Погребнюк А.Н. Григораш Н.Г.
Эстетикалық тәрбие бөлімі	Қосымша білім беру және мектеп педагогтерінің арасындағы облыстықсәндік-қолданбалы өнер көрмесі ИПКПК	1 орын	Каркавина Е.А.
2014-2015			
Көркем тәрбие бөлімі	Халықаралық конкурс «Әлем. Өнер.Балалар». Болгария.	Диплом «Үздік педагог »	Лютровник Э.Т
2015-2016			
Эстетикалық тәрбие бөлімі	Бейнелеу өнері бойынша білім беру қызметкерлері арасындағы X Облыстық шығармашылық конкурс	I дәрежелі Диплом	Дмитриева В.А.
		II дәрежелі Диплом	Мирзоян Е.Л. Жагслах Д.Ж.
		III дәрежелі Диплом	Каркавина Е.А.
Эстетикалық тәрбие бөлімі	Облыстық конкурс «Педагогикалық шеберлік» «Өрлеу» ИПКПР	I дәрежелі Диплом	Жагслах Д.Ж.
Әдістемелік бөлім	Облыстық конкурс «Педагогикалық шеберлік» «Өрлеу» ИПКПР	III дәрежелі Диплом	Аипова А.С.
Ғылым және техника бөлімі	«Оқушылар сарайының жыл педагогі»	1 орын	Даирбаев Д.Б.
Әдістемелік бөлім		2 орын	Сүлейменова С.С.

Студия «Білімпаз»		3 орын	Рспаева Б.Б.
2016-2017			
Ғылым және техника бөлімі	«Қосымша білім беру ұйымының үздік педагогі» облыстық конкурс	1 орын	Даирбаев Д.Б.
Әдістемелік бөлім	Облыстық конкурс «Жылдың үздік психологі»	2 орын	Коржова М. А.
Әдістемелік бөлім	Педагогикалық жобалардың халықаралық конкурсы «Алтын формула» Евромедиа	ІІІ дәрежелі Диплом	Оразбаева А. Ж.
Әдістемелік бөлім	Халықаралық конкурс INTERNATIONAL COMPETITION «ЕУРОПАНЫҢ ҮЗДІК ПЕДАГОГІ-BEST TEACHER IN EUROPE»	Диплом 1 орын 2 орын 1 орын	Петрович О. В. Жақанова Д.О. Беккожина Б.С.
Көркем тәрбие бөлімі	«MUSIC SHOW KZ» Халықаралық конкурсы	Кубок «Үздік хореограф - қойылымшы»	Можейко И.А.
Әдістемелік бөлім	«Art авангард» педагогтерге арналған халықаралық конкурс	2 орын 3 орын 1 орын	Аипова А.С. Ишмухаметова М.Г. Даирбаева В. А.

Оқушылар сарайының педагогтері жыл бойы өз тәжірибелерін баяндама түрінде, халықаралық конференция мен фестиваль, республикалық курстар мен форумдар, облыстық кеңес және семинарларда таратады.

2014 – 2016 жылдар аралығында педагогикалық тамыз оқуларында - 9, Оқушылар сарайы дайындаған облыстық семинарларда - 60, басқа ұйымдардың семинарларына-47 баяндама жасалды. Халықаралық конференцияларда - 6.

Республикалық курстар мен семинарларда лектор ретінде -12 баяндама жасалынды.

Жыл сайын әдістемелік қоржын «Шабыт» жинағы,Сарай

жұмысының қорытындысы бойынша «Шығармашылық.Жұмыс.Нәтиже» ақпараттық-талдау жинағының кезекті басылымы, бағдарламалық және талдау материалдарының басылымдарымен толықтырылады. Электрондық форматта облыстық семинар және жоба материалдарының жинағы жасалады.

2015-2016 оқу жылы шығарылған жинақтар:

«Мектеп кітапханашысына көмекші әдістемелік құрал», «Ақылды ойындар» (жас тілшілермен жұмысқа арналған әдістемелік материал), «Алтын шашу» сценарийлар жинағы, «Мектеп психологінің жұмысына әдістемелік қолдау», «Жас мамандардың кәсіби біліктілік деңгейін арттыру», «Жас маман мектебі», «Бір мақсатты көздегендер», «Ата-аналармен жұмыстың инновациялық түрлері», «Бейнероликтер мен тұсаукесерлердің облыстық қашықтан өткізу конкурсының материалдары», «Балалар қоғамдық қабылдау жұмысының жүйесі».

Әдіскер В.С.Шәкәрімова «Юность» с нами навсегда» және «От пионерии до «Жас Ұлан»» шежіре кітабын басып шығарды. Балалар әдеби шығармашылығы «Проба пера» облыстық жобаның қорытындысы бойынша «Дети пишут о войне» поэзия жинағы жарық көрді.

2014,2015,2016 жылдары педагогтердің жұмыс тәжірибесінен 336 материал республикалық және облыстық баспаларда жарияланды, 55 - республикалық және облыстық телеарналарда көрсетілді,45- облыстық радиода берілді.

М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының 2014,2015,2016 жылдарда БАҚ ақпараттық көрінуі

БАҚ атауы	Тақырыбы	Авторы
Республикалық және облыстық газеттер мен журналдар - 26		
«Внеклассная работа в школе»республикалық журнал №6, 2015	«Кітап Патшайымында қонақта-В гостях у Королевы книги»	Суворова Т.В
«Ұлан» республикалық газеті 2015ж	«Шуақты жаз»	Аипова Ә.С.
«Лидер плюс» республикалық жастар газеті 2015ж	«Теледидар балалардың көзімен»	Даирбаева В.А.
«Ұлан» республикалық газеті № 9, 2015ж	«Туған тілің болмаса, тірегің жоқ»	Оспанқұлова Ә.С.
«Дружные ребята» республикалық газеті №40, 2015	«Эко...- бұл бүтіндей әлем»	Матвеева И.Н.
«Тәрбие жұмысы » республикалық журнал №4-5,2015	«Ойлы болсаң, озып көр»	Аипова Ә.С. Оспанқұлова Ә.С.

«Педагогика хабаршысы» газеті, № 19, 2015	«Сарай жұмысын бастады!-Дворец на старте!»	Аипова Ә.С.
«Педагогика хабаршысы» газеті, № 20, 2015	«Сарай және мектеп: әрекеттегі тандем »	Торощина Л.Л. Юрченко М.В.
Ұлан» республикалық газеті №17, 2015ж	«Павлодарда обсерватория ашылды»	Аипова Ә.С.
«Воспитание школьника» республикалық журнал №1,2016	«Мектеп психологі жұмысының тұлғаға бағдарланған тәсілі»	Коржова М.А.
«Ұстаздар газеті»№ 3, 2016	«Күй жанры арқылы балалардың ұлттық мәдениетін дамыту»	Кенжиханова А.Г.
«Педагогика хабаршысы» облыстық газеті,№ 4, 2015	«Қосымша білім берудің үздік педагогі» Облыстық конкурсы	Оқушылар сарайы
«Дружные ребята» республикалық газеті №12,(5954) 2016	«Бірге оқимыз»	Суворова Т.В.
«Дружные ребята» республикалық газеті №15, 2016	«Анастасия» қалаларды тамсандырды»	Даирбаева В.А.
«Воспитание школьника» республикалық журналы №4,2016	«Мектеп кітапханашыларының жұмысына әдістемелік қолдау көрсету »	Суворова Т.В.
«Дружные ребята» республикалық газеті №21, 2016	«Бимен шабыттанған «Виктория»	Даирбаева В.А.
«Ұстаздар газеті» № 11, 2016	«Ұлттық аспаптарға арналған семинар»	Кенжиханова А.Г.
«Школьная библиотека» республикалық журналы №3,2016	«Мектеп кітапханашыларының жұмысына әдістемелік қолдау көрсету»	Суворова Т.В.
«Дружные ребята» -5 республикалық газеті (№42, № 50, №512016, №4, 2017)	«Шашы жіптен жасалған қуыршақтың жаны» «Болашаққа көз тік» «Еліміздің болашағы жастардың қолында» «Анастасия» жеңістері»	Дмитриева В.А. Суворова Т.В. Даирбаева В.А.

	«Тәбетті оқиғалар»	Даирбаева В.А. Даирбаева В.А.
«Регион.kz»Павлодар облыстық жастар газеті№ 40-1,2016	«Байланысты кіші зообақ»	Даирбаева В.А.
«Педагогика хабаршысы» облыстық газеті,№ 2, 2016	«Білім беру мұражайына экскурсия» «Семинар пікірлестерді жинады»	Суворова Т.В. Суворова Т.В.
«Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлары» республикалық журналы	«Сиқырлы жыл»	Ешімқұлов Ж.М.
Суворова Т.В.		
Радио және теледидар-13		
«Хабар»республикалық телеарнасы, 2014	«Бір ізденістің тарихы» ҰОС хабарсыз кеткен жауынгер туралы, аяқталған іздеу ісі туралы	Асеева Л.И.
«Қазақстан-Павлодар» телеарнасы, 2015	Оқушылар сарайының әдіскеріӘ.С.Аипованың қатысуымен «Қала 718» бағдарламасы,тақырыбы-патриоттық тәрбие(тікелей эфир)	АиповаӘ.С.
Pavlodarnews.kzAA 2015	«Павлодарлықтар Петропавловск қаласында спорттық-сәндік би бойынша Қазақстан чемпионатында біріншілікті жеңіп алды»	Даирбаева В.А.
Казинформ АА,2015	«Павлодарлықтар жұп спорттық-сәндік би бойынша ҚР чемпионатында бірінші орын алды»	Даирбаева В.А.

«Қазақстан-Павлодар»- 4 телеарнасы, 2016	«Ертіс таңы» бағдарламасы «Splash» би ұжымымен тікелей эфир «Ертіс таңы» бағдарламасы Оқушылар сарайының «Антарес» астрономиялық клуб жетекшісінің қатысуымен тікелей эфир «Ертіс таңы» бағдарламасы Оқушылар сарайы әдіскерінің қатысуымен тікелей эфир «Жаңа жұлдыз»конкурсы туралы сұхбат	Можейко И.А. Баубекова Г.Қ. Оразбаева А.Ж. Ешімқұлов Ж.М.
«Ирбис» телеарнасы, 2016	Қосымша білім беру педагогі, әдіскердің қатысуымен «Қала 718» бағдарламасы	Аипова Ә.С.
	«Жұлдыздар жарқырайды»жас астрономдардың облыстық слеті туралы репортаж. «Ертіс Inform» күн сайынғы ақпараттық басылым	Баубекова Г.Қ.
Pavlodarnews.kzAA-6, 2016	«Павлодарлық Оқушылар сарайында 53 балалар үйірмесі жұмыс істейді» «Павлодарлық астрономдар Сібір астро- номиялық форумының туын көтерді» «Павлодарлық оқушы- лардың таяудағы жүз жылда ғарышты игеру бойынша болжамы»	Даирбаева В.А. Баубекова Г.Қ. Баубекова Г.Қ.

Жас маман мектебі

М.М.Катаев аатындағы Оқушылар сарайында жыл сайын жас мамандардың біліктілік және кәсіби деңгейін арттыру, әдістемелік көмек

көрсету мақсатымен жас маман мектебі жұмыс істейді. Қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметтің, балалар бірлестіктерінің бұқаралық тәрбие жұмысының түрлері, қосымша білім беру ұжымдарының алгоритмдары зерделенеді, баламен сұқбатқа коммуникативтік дайындығы анықталады, «Тәрбиеленушілердің танымдық жұмысын қарқындатудың психологиялық-педагогикалық талаптары», «Жас мұғалімдердің бейімделуі», «Өздігінен білім жетілдіру бойынша жұмыс ұйымдастыру» және түрлі практикум мен тренингтер өткізіледі. Тәлімгер – педагогтер және жас мамандардың сабағына қатысумен практикумдар жүргізіледі.

2015-2016 оқу жылы – 3 жас маман, 1 жылдан -3жылға дейінгі -5 педагог.

2016-2017 оқу жылы – 1 жылдан 3 жылға дейінгі – 9 педагог.

Жас маман мектебінің жұмыс жоспары 2015, 2016 жылдар

Мерзімі	Жұмыстың мазмұны
қыркүйек	Жас педагогтермен әңгімелесу, тәлімгер таңдау. Қарым-қатынас сағаты «Өзің туралы әңгімеле». Жас маман мектебінің жұмыс жоспарын бекіту
қыркүйек	№1 сабақ Теория «Қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметтің алгоритмі». Практикум «ҚБП міндетті құжаттамасын ресімдеу» «Күнтізбелік-тақырыптық жоспардың құрылымы». «Мәңгілік ел» Патриоттық акті және «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту және қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы » негізінде жас мамандардың тәрбие жұмысының жылдық жоспарын құру.
қыркүйек	№ 2 сабақ Тәжірибелік сабақ. Кіші топтармен жұмыс: «Сабақ жоспарының мазмұны», «Ашық іс-шараның талдауы және өздігінен талдауы », «Стендтік баяндама», «Білім беру бағдарламаларының түрі. Авторлық бағдарлама жазу бойынша ҚБРОӘО ұсынымдары».
қазан	№ 3 сабақ Практикум «Қосымша білім беру педагогінің жоспарлау және талдау құжаттамасын рәсімдеу». «Лайф-коучинг». Жас педагогке психологтың ұсынымдары.
қазан	№ 4 сабақ Теория «Өздігінен білім жетілдіру- педагогтің кәсіби дамуының түрі»

қазан	<p>№ 5 сабақ</p> <p>Теория «Бастапқы диагностика дербес білім беру траекториясын құрудың құралы ретінде»</p> <p>Практикум «Дара білім беру траекториясын құру»</p> <p>Кіші зерттеу: «Жас мамандардың проблемалары».</p> <p>Проблемалы жағдайлар бойынша тренинг.</p>
қараша	<p>№ 6 сабақ</p> <p>Теория «Тьютерлік қолдау жас маманға даму ортасын құрудың факторы»</p> <p>Практикум «Педагогтің кәсіби қасиеттерінің диагностикасы»</p> <p>Тестілеу «Баламен сұхбатқа коммуникативтік дайындық»</p> <p>Рефлексия.</p>
желтоқсан	<p>№ 7 сабақ</p> <p>Теория «Портфолио» педагогтің кәсіби дамуының құралы.</p> <p>Іскерлік ойын-жәрмеңке «Жағдайды шешудің тиімді нұсқасын таңдау»</p>
қаңтар	<p>№ 8 сабақ</p> <p>«Тәлімгер-педагогтің шығармашылық шеберханасы».</p> <p>Тәлімгерлердің шеберлік сабақтары: «Айналамыздағы ағылшын тілі », «Заманауи бидегі хип-хоп элементтері», «Ёхор» бурят биінің негізгі элементтері, «Сахналық бейнені жасау үшін икемділік тәсілдер кешенін жетілдіру», «Дәстүрлі музыка өнері», «Киізден, былғарыдан бұйым түрлерін жасау».</p>
қаңтар	<p>№ 9 сабақ</p> <p>Теория «ҚБП тәжірибесіндегі заманауи педагогикалық білім беру технологиялары»</p>
ақпан	<p>№ 10 сабақ</p> <p>Теория «Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту және тұлғаның шығармашылық әлеует деңгейін бағалау»</p> <p>Практикум «Оқушылардың танымдық жұмысын қарқындату»</p>
ақпан	<p>№ 11 сабақ</p> <p>Теория «ҚБП үшін ашық сабақ әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар».</p> <p>Жас педагогтердің ашық сабақтары: «Балалар сөйлесін», «Түстер», «КТК ойынын ұйымдастырудың алгоритмі», «Қонаққа қош келдіңіз», «Мен және Заң», «Әлемнің құрылымдық бірліктері».</p>

наурыз	№ 12 сабақ Теория «Баяндама, мақала, жинақ жазу бойынша әдістемелік ұсынымдар» Практикум «Білім беру сайттары мен баспаға беруге мақала дайындау»
сәуір	№ 12 сабақ Теория «Педагогтің кәсіби жұмысының мониторингтік бағалау құралы» Практикум «ҚБП жұмысының мониторингісі»
сәуір	№ 14 сабақ Теория «Оқушылар сарайы педагогтерінің дәстүрлері» Тәжірибе «Шығармашылық бірлестіктер жетекшілерінің жұмыс тәжірибесінің тұсаукесері »
мамыр	№ 15 сабақ «Жас маман мектебінің жұмыс қорытындысы». Педагогикалық КТК. Қорытынды сабақ. «Оқушылар сарайы жас педагогтерінің кәсіби біліктілігін арттырудың жолдары». Сұхбат: «Менің педагогикалық идеям». Педагогтің ұжымда жайлы сезіну дәрежесін, кәсіби қиындықтарын анықтау сауалнамасы. Болжау.
мамыр	«Жас маман мектебі» электрондық материалдар жинағын жасау.

Әдістемелік кітапхана

М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының әдістемелік кітапханасы мектеп кітапханашыларының кәсіби қажеттіліктерін зерделеп 2015-2016 оқу жылы оқу семинары, практикум және тақырыптық кеңестер арқылы мектеп кітапханашылары жұмысына әдістемелік қолдау ұйымдастырды. Бұл шараларды өткізудің басты мақсаты мектеп кітапханашыларының кәсіби деңгейін арттыру, кәсіби даму орта қалыптастыру, ақпараттық-құжаттық әдістемелік ресурстар ұйымдастыру, жас кітапханашыларға әдістемелік көмек көрсету, кітапхана жұмысының озық технологияларын тарату, озық тәжірибені насихаттау болды.

Мына тақырыптар бойынша облыстық оқу семинарлары өткізілді: «Кітапхананы аттестацияға дайындау кезінде мектеп кітапханашының талдау жұмысы. Мектеп кітапханашысының аттестациялық материалдарының мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптар», «Кітапханашының кәсіби біліктілігі мен шеберлігі. Мектеп кітапханасындағы мониторингтік зерттеу бағдарламалары», «Білім беру үрдісін ақпараттық қолдауды ұйымдастыруда мектеп кітапханасының инновациялық жұмысы».

Жас кітапханшыларға арнап тақырыптық кеңестер ұйымдастырылды:

«Мектеп кітапханасы жұмысының нормативтік-құқықтық аспектілері», «Кітапханашының кәсіби портфолиосы», «Кітап оқуға қызығушылықты дамыту: Балалар кітабының апталығын өткіздің дәстүрлері мен жаңашылдығы», «Кітапхана сабақтарында оқушылардың ақпараттық мәдениеті және коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру және дамыту».

«Дидактикалық құрал, буктрейлер, тұсаукесерлер құрау» және «Кітапханадағы бұқаралық іс-шаралардың сценарийларын жазу» практикумдары нәтижелі өтті. 200-ден аса кітапханашылар семинар, тақырыптық кеңес және практикумдарда білім алды.

Кітапханашы қағаз және электрондық форматта «Мектеп кітапханашысына арналған әдістемелік ұсынымдар» құралын дайындады. Онда мектеп кітапханасына арналған барлық нормативтік-құқықтық құжаттар, кітапхана құжаттарының үлгісі, кітапхана жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, тақырыптық әдебиеттер тізімі жинақталды.

Психологиялық қызмет

Білім беру ұйымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және білім беру және тәрбие үрдісіне қатысушыларға қолдау көрсету мақсатында Оқушылар сарайында психологиялық қызмет жұмыс істейді.

М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының психологиялық қызметінің бағыттары



Психологиялық қызмет «Павлодар облысының қосымша білім беру және Оқушылар сарайының педагогикалық қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін дамыту бағдарламасын» жүзеге асыру шеңберінде психологиялық қызмет Сарай педагогтерінің эмоцияналдық күйінің алдын алу бойынша кеңестік жұмыс, лайф-коучингтер арқылы педагогтерге

арналған оқытуды іске асырады.

Облыстың жас мамандары мен бастауыш сынып жетекшілеріне арналған «Отбасында әйелдің күйзеліске қарсы мінез-құлқын қалыптастыру» және «Баламен өзекті сұхбатқа коммуникативтік дайындық» дөңгелек үстелін өткізу өзекті жайдайға айналды.

2016 жылы облыстық психологиялық шығармашылық тобының қатысушылары «Мектеп психологиялық жұмысына әдістемелік қолдау көрсету» атты әдістемелік материалдар жинағын шығарды.

Аса маңызды әдістемелік жұмыстың бірі 2015-2016 оқу жылы «Психологиялық қызмет: өзекті мәселелер және даму перспективалары» ғылыми-практикалық конференцияның өткізілуі болды. Конференцияда психологиялық қызмет жұмысының қайшылықтары мен перспективалары, мектепте денсаулық сақтау ортаны құрудағы оның ролі жайлы кәсіби сұхбат жүргізілді. Жасөспірім тұлғасының қалыптасуына Ғаламтор мен отбасылық тәрбиенің әсері, жастардың субмәдениетінің пайда болу себептерінің мәселесі сөз болды. Бірегей әдістер мен инновациялық технологиялар бойынша шеберлік сабақтарға сұраныс артты. ПМПИ психология кафедрасының доценті З.Қ.Күлшәріпова, С.Торайғыров атындағы ПМУ доценті, п.ғ.к. С.К.Кісембаева, ПМПИ психология кафедрасының аға оқытушысы Б.А.Матаев және 13 мектептің психологі баяндама жасады. Шараға Павлодар облысының қала және аудандарының 60 психологі қатысты.



Психологиялық қызмет шеңберінде Балалар қоғамдық қабылдауы белсенді жұмыс атқарады. Балалар қоғамдық қабылдауы проблемалық жағдайды шешуде балалар мен олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсетеді. Балалар қоғамдық қабылдауының сенім телефоны үнемі жұмыс жасайды. 2015, 2016 жылдары 185 тәрбиеленуші, педагог, ата-аналар мемлекеттік және орыс тілінде кеңес алды.

Балалар қоғамдық қабылдауы мектеп оқушылары мен Оқушылар сарайының тәрбиеленушілеріне Қазақстан Республикасының Заңдары және БҰҰ-ның бала құқығы Конвенциясының ережелеріне сай бала құқығы туралы білім беруге арналған.

Соңғы 2 жылдың ішінде өзекті саналған тақырыптар төмендегі кестеде берілген.

№	I-шаралар	Мерзімі	Баяндамашылар
1	«Зорлық –қаталдықсыз балалық шақ»	қазан	Павлодар қ.жасы кәмілетке толмаған балалардың ісі бойынша бөлім маманы
2	«Буллингтен қалай құтылуға болады»	қазан	Оқушылар сарайының психологі
3	«Балалар әртүрлі болады»	қараша	Балалар құқығын қорғау Департаментінің маманы, «Самал»БОО директорының орынбасары
4	«Жанымыздағы қауіп - қатерлер»	желтоқсан	ЖҚТБ алдын алу және күрес бойынша облыстық орталықтың маманы
5	«Мен өмірді таңдаймын...».	қаңтар	Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі облыстық орталығының маманы
6	«Мені қоршаған әлем»	қаңтар	ЖҚТБ алдын алу және күрес бойынша облыстық орталықтың маманы
7	«Күн, түн, жер сілкіну»	ақпан	Оқушылар сарайының психологі
8	«Мұндай мен ЖАЛҒЫЗБЫН»	наурыз	№ 2 емхананың дәрігері
9	«Конкурстар мен емтиханда қорқыныш пен өзіне сенімсіздікті қалай жеңу керек»	сәуір	Оқушылар сарайының психологі

Жыл сайын Балалар қоғамдық қабылдауының 7 отырысы өткізіледі, оған облыс және қала мектептерінің 500 –ден аса оқушысы қатысады.

Қала мектептерінің оқушыларына арналған психологиялық тренингтер өткізу ынтымақтастықтың бір түрі болып табылады.

«Оқушыларды ҰБТ тапсыруға дайындау» тренингі ҰБТ-ға дайындық және оны тапсыру кезінде оқушылар тәртібінің стратегиясы мен тактикасын қалыптастырады. «Коммуникативтік тренингтер» өзін-өзі тану

және өмірлік жағдаяттарды өздігінен талдау дағдыларын дамытады.

«Жанжалды жағдаяттарды жеңу» тренингі жанжалда сындарлы мінез дағдыларын қалыптастырады.

Оқушылар сарайының ғылыми-әдістемелік орталығы

Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогтері, әдіскерлер, тәлімгерлер, балалар қозғалысының үйлестірушілері, тәрбие ісі бойынша мектеп директорының орынбасарлары мен сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін арттырудың ғылыми-әдістемелік орталығы болып табылады. Облыс психологтары мен мектеп кітапханашыларының жұмысын әдістемелік қолдаумен қамтамасыздандыруды іске асырады.

Жыл сайын Оқушылар сарайында әдістемелік жұмыс, көркемдік тәрбие, техникалық шығармашылық, кітапхана ісі, балалар бұқаралық қозғалысын дамыту бойынша 700-ден аса педагогикалық қызметкер оқу семинарларына қатысады.

Облыстық семинарлар кезеңі мектеп және қосымша білім беру ұйымдар директорларының орынбасарларының алғашқы кеңесі мен семинарынан басталады. Әдістемелік бөлімнің меңгерушісі Л.Л.Торощина жаңа оқу жылының бірлескен жұмыс жоспарын ұсынады, облыстық жоба, практикум тақырыптары, облыс және қала мектептеріне әдістемелік көмекке шығу кестесімен таныстырады. Мұндай отырыстарда өткізілетін семинар, дөңгелек үстел және Балалар қоғамдық қабылдауының тақырыптары талқыланып, анықталады. Қосымша білім беру ұйымдарының басшылары мен әдіскерлері өз шараларын ұсынады және өзара әрекеттестіктің жолдарын белгілейді. Алғашқы семинарда өткен оқу жылындағы ынтымақтастықтың қорытындысы шығарылады, аса белсенді ұйымдар атап өтіліп, марапатталады. Хореограф, вокалист, балалар баспасөз орталығының жетекшілері, ДТЮ, психологтар, кітапханашыларға арналған оқу семинарлары мен практикумдар өткізу бағдарламасының қорытындысы ғылыми-практикалық конференция және ғылыми-практикалық семинар болып табылады.

2016 жылдың қарашасында «Қосымша білім беру –балалар мен жасөспірімдердің көп мәдениетті тұлғасының дамуына арналған білім және тәрбие кеңістігі» атты облыстық ғылыми-практикалық семинар өткізілді. Семинар жұмысына облыстың барлық қала және аудандарының қосымша білім беру ұйымдары мен мектеп шығармашылық бірлестіктерінің 176 педагогтері мен жетекшілері қатысты.

Семинардың пленарлық бөлігінде «БЖҰО» Павлодар облысы бойынша филиалы және ПМПИ педагогикалық ғылымдардың кандидаттары баяндама жасады. ПМПИ кәсіби оқыту әдісі мен теориясы кафедрасының меңгерушісі Ф.А.Қурабаева қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында балалардың әлеуметтік тәрбиесінің инновациялық бағыттарымен таныстырды. «Өрлеу» біліктілік арттыру орталығының мұғалімді кәсіби дамытудың психологиялық-педагогикалық қолдау кафедрасының доценті

Б.Т.Кәрімова білім беру жүйесінде «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясын іске асырудың негізгі кезеңдері жайында егжей-тегжейлі баяндады. ПМПИ психология кафедрасының доценті, Отбасылық психологиялық кеңес орталығының директоры З.К.Күлшәріпова «Қосымша білім берудегі кинезиология» бойынша баяндама жасады.

Семинардың практикалық бөлігінде әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, экологиялық, бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы, вокал және хореография бағыттары бойынша 11 шеберлік сабақтары өткізілді. Шеберлік сабақтарды ПМПИ оқытушылары, Оқушылар сарайының педагогтері және Павлодар қ. №5 ЖОМ мен Ақтоғай Агрономиялық ЖОМ мектеп психологтары жүргізді.

Балалар аспаптар (домбыра) ұжымы жетекшілерінің «Күй жанры арқылы оқушылардың ұлттық мәдениетін дамыту» облыстық семинарында қатысушылар оқушыларды күй тартуға үйретудің тәжірибесімен және күй тарту арқылы патриотизм сезіміне қалай баулитыны туралы пікірлерімен бөлісті.

Павлодар қаласының «Жас екпін» үлгілі домбыра оркестрінің жетекшілері, Ақсу қаласы Алғабас селосының «Мұрагер» қазақ халық ансамблінің жетекшісі, Павлодар қ. №1 БММ оқытушысы домбырада күй тарту баланың музыкалық –ырғақтық ойлауы мен шығармашылық дамуына оң әсерін тигізетінін атап өтті. Оқушылар сарайының педагогтері тыңдаушыларды нотасыз домбырада ойнауға үйрету және ансамбльде екі дауыспен қосымша аспаптарды пайдаланып ойнау әдісімен таныстырды.



Оқушылар сарайының әдістемелік бөлімі жыл сайын педагогтерге арналған кәсіби шеберлік конкурстар мен жобалар өткізеді: «Үздік қосымша білім беру ұйымы», «Шығармашылық үдіріс», «Авторлық бағдарлама», «Эврика», «Педагогикалық шеберхана», «Үздік қосымша білім беру ұйымының педагогі», «Үздік авторлық бағдарлама және психологтің әдістемелік құралы».

2015-2016 оқу жылы Павлодар білім беру басқармасының қолдауымен М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдістемелік бөлімі ұйымдастырған «Қосымша білім беру ұйымының үздік педагогі» облыстық жобасы озық педагогикалық тәжірибемен алмасу және тәрбие жүйесіндегі педагогикалық жаңашылдықтарды көрсетудің шығармашылық алаңына айналды. Кәсіби шеберліктің облыстық конкурсына «Жыл педагогі» қалалық және аудандық конкурстардың 15 жеңімпазы қатысты. Олар Шарбақты, Май, Қашыр аудандары мен Ақсу, Павлодар және

Екібастұз қалаларының қосымша білім беру педагогтері болатын.

Конкурс қатысушылары өз жұмысы туралы эссе, портфолио дайындап, жұмысы жайлы тұсаукесер көрсетті, шеберлік сабақ өткізді. 1 орынды М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының «Луч» шығармашылық бірлестігінің жетекшісі Д.Б.Даирбаев иеленді. 2 орынға Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Радуга» мектептен тыс жұмыс орталығының қосымша білім беру педагогі А.С.Омарова ие болды. Құрманғазы атындағы №1 балалар музыкалық мектебінің теория пәндері класының педагогі Э.Г.Кошук 3 орынды қанағат етті. Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің балалар музыкалық мектебінің вокал класы бойынша қосымша білім беру педагогі Я.Г.Зайцеваға «Жыл жаңалығы» аталымының жеңімпазы атағы берілді.



Облыс педагогикалық қызметкерлерінің перспективалық тәжірибелерін іздестіру, зерделеу және тарату жүйесі кәсіби конкурс, конференция және облыс психологтарының шығармашылық топ жұмысы мен мектеп психологтарының ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыру, психологтар мен кітапханашылардың облыстық семинарларда баяндамалар жасауы арқылы іске асырылады. Облыстық семинар, практикумдарда педагогтер инновациялық идеялардың тұсаукесерін өткізеді, конкурстарда қазылар алқасының мүшелігіне тағайындалады.

Желілік өзараәрекеттестік

Желілік өзараәрекеттестік білім беру міндеттерін шешуге мүмкіндік береді және желілік жобалар мен бағдарламалар, білім беру нәтижелерімен алмасу шарттары, тұлғалық және кәсіби өсуге арналған тәсілдер сияқты өзараәрекеттестіктің жаңа форматын құрайды.

Бірнеше жылдар бойы келісімшарт негізінде ПМУ-нің педагогика және психология кафедрасы, ПМПИ -нің кәсіби оқыту әдісі және теориясының кафедрасы, журналистика және теория кафедраларымен ынтымақтастық жұмыс жүргізіліп келеді. Жоғары оқу орындарының оқытушылары облыстық оқу семинарларының тұрақты лекторлары, үйірме және студия жетекшілерінің авторлық бағдарламаларының пікір жазушылары. Оқушылар сарайының облыстық кәсіби конкурстарының сараптау кеңесінің мүшелері. Оқушылар сарайының педагогтері жоғары оқу орындарының ғылыми-практикалық конференциясы мен конкурстарына қатысады, студенттер мен педагогтерге шеберлік сабақтар

береді. Жоғары оқу орындарының студенттері жыл сайын Оқушылар сарайының студия, клубтарында педагогикалық тәжірибеден өтеді. Қосымша білім беру ұйымдары мен Павлодар облысының жастар саясаты мәселесінің басқармасы Жастар бастамаларын дамыту орталығының арасында меморандум жасалды.

ҚР БҒМ Қосымша білім беру Республикалық оқу-әдістемелік орталығы, Павлодар облысы бойынша «Өрлеу»ҰБЖО АҚ БАҰО , Павлодар облысы білім беру басқармасының білім және тәрбиені дамытудың инновациялық орталығы арасындағы өзара әрекеттестік ынтымақтастықтың табысты үлгісі болып табылады.

ҚБРОӘО- мен ынтымақтастық

М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайында 2014 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Қосымша білім беру Республикалық оқу-әдістемелік орталығы «Қосымша білім беру ұйымының әдістемелік жұмысындағы инновациялық тәсілдер» тақырыбы бойынша біліктілік арттыру курсы өткізді. Курстың бағдарламасына балаларға қосымша білім беруді әрі қарай дамыту және жетілдіруге қатысты мәселер төңірегіндегі негізгі сұрақтар енгізілді. Тәжірибелік сабақта тыңдаушылар киіз басудың негізін меңгерді, сәндік-қолданбалы шеберліктің, дайын бұйымдарды әшекейлеудің құпиясымен танысты, домбырада ойнаудың дағдыларын игерді, суырып салып жауап беру өнеріне үйренді.

Курс бойы тыңдаушылар әдістемелік кабинеттің материалдарымен танысты, үйірме сабақтарына қатысты, авторлық бағдарлама жазу, дарынды балалар және мүмкіншілігі шектеулі балалармен жұмыс, балалар бұқаралық қозғалысын ұйымдастыру бойынша Оқушылар сарайы педагогтерінің кеңесін алды. Республикамыздың барлық өңірінен келген 50 қосымша білім беру педагогі білімдерін жетілдірді.



2016 жылғы 25-29 қазан аралығында Оқушылар сарайында «Қосымша білім беру жүйесіндегі балалардың әлеуметтік-тұлғалық дамуы»(әскери-патриоттық тәрбие, балалар қоғамдық қозғалысын ұйымдастыру) тақырыбы бойынша республикалық біліктілік жетілдіру курстары өткізілді. Курс тыңдаушыларын 28 адам құрады. Олардың ішінде жалпы білім беру мектептерінің тәлімгерлері, аула клубтарының

шығармашылық, спорттық ұжымдардың жетекшілері, Павлодар, ақсу, Екібастұз, Рудный қалалары мен Павлодар, Жамбыл облысы аудандарының қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері бар. 5 күн бойы педагогтер балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік белсенділігін, азаматтық көзқарасын қалыптастыру, әскери-патриоттық клубтарда оқушы тұлғасының қалыптасуы және балалар қоғамдық ұйымын ұйымдастырудың тәсілдері туралы білім алды. Курс бағдарламасына білікті мамандар дайындаған дәрістер, практикалық сабақ, тенингтер, шеберлік сабақтар енгізілді. Курс лекторларының құрамы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының доценттері мен кандидаттары, жастар бастамасын дамыту орталығының қызметкерлері, «Жігер» балалар-жасөспірімдер клубы, М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы, №36 ЖОЭББМ педагогтерінен құралды.



Шекаралас облыстармен ынтымақтастық

2015 жылғы 14 қазанда «Балаларға қосымша білім берудің бүгінгі мен ертеңі. Жұмыстың тиімді тәжірибесі» дөңгелек үстелі өткізілді. Дөңгелек үстел жұмысына білім беру бөлімдерінің өкілдері, сауықтыру лагерьлері директорының, қосымша білім беру мекемелері басшыларының орынбасарлары, аула клубтарының меңгерушілері, мектеп директорлары, облыс мектеп директорларының орынбасарлары және Омбы қаласы Әкімшілігінің білім беру Департаментінің өкілдері қатысты. Қосымша білім беру жүйесіне жұмыстың инновациялық түрлерін енгізу мәселесі бойынша пікір алмасу болды.

Павлодар қаласының білім беру бөлімінің басшысы және Омбы қаласы Әкімшілігінің білім беру Департаментінің директоры өңірлік білім беру жүйесінің тұсаукесерін өткізді. Оқушылар сарайының басшысы А.Ж.Ерубасева Сарайдың шығармашылық бірлестіктерінде оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастырудың инновациялық түрлерімен таныстырды. Балалар шығармашылығы және бос уақытын қамту орталығының басшысы Н.А.Павловская жоба жұмысын ұйымдастырудың тәжірибесімен бөлісті.

Жаз мезгілінде балаларды сауықтыру және бос уақытын

ұйымдастыруға көп көңіл бөлінеді. Тәрбие жұмысы секторының меңгерушісі К.К.Ильясова Павлодар қаласы бойынша «Жаз» бағдарламысын іске асырудың нәтижесін көрсетті. Жазғы демалысты ұйымдастырудың «Шуақты жаз» кешенді бағдарламасымен М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы әдістемелік бөлімнің меңгерушісі Л.Л.Торощина таныстырды. Балалар және жасөспірімдердің экология және туризм орталығының жұмысы жайлы Орталықтың басшысы Л.А.Вольф әңгімеледі, «Балдәурен» сауыстыру лагерінде бейімделген ауысымды ұйымдастыру тәжірибесі жөнінде педагог-ұйымдастырушы С.С.Сүлейменова ашып айтты.

«Балалар қоғамдық қозғалысын дамытудың перспективалары» секциясының жұмысы тиімді өтті. Қатысушылар Омбы қаласының аумағындағы балалар қоғамдық бірлестіктері жұмысы және Павлодар облысында балалар бұқаралық қозғалысын дамыту туралы әңгімеледі. Әдіскерлер О.В.Петрович, М.Г.Ишмухаметова, Қазақстан скаут қозғалысы ұйымының павлодарлық филиалының басшысы Е.И.Кофтун өздерінің жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Дөңгелек үстел жұмысы Павлодар облысының білім беру басқармасы және Омбы қаласы Әкімшілігінің білім беру Департаментінің ынтымақтастық туралы Маморандумға қол қоюмен аяқталды.

Павлодар облысының білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық.

Қосымша білім беру ұйымдарының директорлары және олардың орынбасарларына арналған «Балалар тұлғасының қалыптасуында білім беру ұйымдарының өзараәрекеттестік Тұжырымдамасы» деп аталатын облыстық семинарда Оқушылар сарайы өзараәрекеттестік жүйесін құрудың бастамашысы болды. Ынтымақтастық туралы нәтижелі сұхбат Павлодар облысының негізгі, қосымша және жоғары білім беру ұйымдарымен желілік өзараәрекеттестіктің үлгісін құруға мүмкіндік ашты. Жастар бастамасын дамыту Орталығы, Еуропалық скаут комитеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, ИнЕУ журналистика кафедрасы, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, «Экология және туризм» БЖО, БЖБО, көркемсурет және музыкалық мектептердің директорлары бірыңғай білім беру кеңістігін құруға қызығушылық білдірді. Семинар жұмысына облыс білім беру ұйымдарының 71 өкілі қатысты.



Әдістемелік көмекке шығу.

Сынып жетекшілері, тәлімгерлер, мектеп газетінің редакторлары, балалар қозғалысының үйлестірушілеріне балалар активін оқыту, балалар қоғамдық ұйымдарының көшбасшыларын көшбасшылық шеберліктің негіздеріне үйрету, тақырыптық шараларда тиімді қарым-қатынас дағдыларын меңгеру үшін облыс және қала мектептеріне әдістемелік көмекке шығу тәжірибесі Оқушылар сарайы мен мектептердің өзара әрекеттестігінің сұранысқа ие түрі болып табылады. Оқушылар сарайы жергілікті орындарда білім беру мекемелерімен жұмыс жасауы көптеген жасөспірімдерді пайдалы және шығармашылық іске тартуға мүмкіндік береді.

Жыл сайын Оқушылар сарайының педагогтері, әдіскерлері облыс және қала мектептеріне әдістемелік көмекке шығуды іске асыруда. Жұмыс істеген үш жылда әдістемелік көмекпен облыстық барлық аудандары қамтылды.

Әдістемелік көмекке шығудың салыстырмалы талдауы


2014-2015 оқу жылы	2015-2016 оқу жылы
10 рет көмекке шықты	14 рет көмекке шықты
3 рет сапарға шығу Аудандар: Лебяжье, Ертіс, Ақсу қ.	3 рет сапарға шықты Аудандар: Железин, Май, Екібастұз
Алаңдар саны 72	Алаңдар саны : 99
Қамтылғандар саны 1565	Қамтылғандар саны: 1996



Мониторингілік жұмыс

Әдістемелік бөлім Оқушылар сарайының педагогикалық ұжымдар жұмысының тиімділік мониторингісін іске асырады.

2014, 2015, 2016 жж. облыстық оқу семинарын өткізу Мониторингісі



Жыл өткен сайын семинарға қатысушылар саны өсуде. 2013-2014 оқу жылы 11 семинарға облысымыздың 467 педагогі қатысты, 2014-2015 ж. – 13 семинардың қатысушысы 698 адам болды, 2015-2016 оқу жылы 798 тыңдарман әдістемелік жұмыс, көркем және эстетикалық тәрбие, техникалық шығармашылық, балалар бұқаралық қозғалысын дамыту бойынша 15 облыстық семинарға қатысты.

М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының облыстық оқу семинарына қалалар мен аудандардың белсенді қатысуы Мониторингісі

Оқу жылы	Қалалар мен аудандар													Барлығы
	Павлодар	Ақсу	Екібастұз	Ақтоғай	Баянаулыл	Железинка	Ертіс	Қашырай	Лебязье	Май	Павлодар	Успенка	Шарбақты	
2012-2013	109	44	25	19	17	21	19	19	19	20	10	17	21	360
2013-2014	124	52	40	31	9	28	19	28	20	29	26	28	31	465
2014-2015	260	42	49	31	25	42	36	39	37	30	37	25	45	698


2015-2016	285	77	61	48	39	51	45	32	31	28	46	17	38	798
Барлығы	778	215	175	129	67	142	119	118	107	107	119	87	135	2321

Жыл сайын білім беру ұйымдарының Оқушылар сарайының семинар, конкурс, жоба, ашық есік күні, әдістемелік көмекке шығу, балалар қоғамдық қабылдау, экскурсиялық-танымдық бағдарламаларына қатысу рейтингісі анықталады.

Белсенділік мониторингісі төрт жылдың ішінде Павлодар қаласының педагогтері семинарға қатысушылардың көпшілігін құрайтынын анықтады, екінші орында - Ақсу қаласы. Аудандар ішінде белсенділік танытқан Железин, Шарбақты және Ақтоғай аудандары болып табылады.

Әдістемелік қызмет білім беру қызметкерлерінің Оқушылар сарайының облыстық семинарды өткізудегі белсенділігін бақылайды. Бұл семинарлардың тұрақты лекторлары ПМПИ және С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің оқытушылары. Мектеп мұғалімдері, психологтар, кітапханашылар мен тәлімгерлердің жұмыс тәжірибесін тарату белсенділігі артты.

М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының облыстық семинарында педагогикалық тәжірибені тарату



Оқушылар сарайы – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыруға арналған білім және тәрбие кеңістігі

Қосымша білім беру, заманауи қазақстандық қоғамда қалыптасқан, бала тұлғасының тәрбиесі, білімі және дамуын негізді түрде үйлестірген, заңды түрде білім кеңістігінің маңызды құрамдасы болып табылады.

Оқушылар сарайы негізгі білім берудің әр сатысына арналған тұлғаның белгілі бір жас кезеңінде даму ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып мазмұнды үлгісін ұсынады.



Ғылыми-техникалық бағыт

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие Тұжырымдамасы және 2015-2018 жылдарға арналған балалар және жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытудың Тұжырымдамалық тәсілдері негізінде қосымша білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі отандық озық өнеркәсіп саласы мүддесінде келешекте инженерлік, құрылымдық және ғылыми мамандар дайындау мақсатымен балалар және жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту болып табылады.


2014 жылы облыста сферикалық кинотеатры бар бірінші әрі жалғыз планетарий, 2015 жылы обсерватория ашылды. Ғарышкер Айдын Айымбетов оның құрметті қонағы болды. Бұл жобаның іске асырылуына қолдау көрсеткен облыс әкімдігі мен Еуразия тобы арасындағы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда ынтымақтастық туралы Меморандум, келісімшартқа сәйкес «Көмек» ERG қайырымдылық корпоративтік қорының демеушілік көмегі көрсетілді. Жылына планетарийға 2000 астам адам келеді.

«Антарес» жас астрономдардың клубы өз жұмысын бастады. Клуб тәрбиеленушілерін ИнЕУ -дің оқытушыларымен бірлесіп халықаралық

конкурстар мен жобаларға қатысуға дайындық жүргізілуде.

Жас астрономдар Қазақстан және Ресейде өткізілген бірнеше слетта өздерін көрсете білді. Клуб тәрбиеленушілері жыл сайын Сібір астрономиялық форумының лауреаты атанады. «Антарес» астрономиялық клубтың тәрбиеленушісі Қобланды Еренғайып ЭКСПО-17 халықаралық көрмеге арналған макеттер конкурсында 1 орынға ие болды. Мәскеу қ. «XLII Гагарин оқулары-2016» Халықаралық жастар ғылыми конференциясының «Жастар құрылымдаушылар бюросының жобалау жұмыстары» секциясында 2 орынды иеленді. «Антарес» жас астрономдар командасы Новосибирск қаласында өткізілген «Малая Медведица» астрономиялық ашық олимпиадада командалық есепте 1 орынды иеленді. «Жер тектес ғаламшарға арналған қозғалмалы ғарыш аппараты» жобасы 1 орынға ие болды. Ол жобаны команда мүшелері Еренғайып Қобланды мен Алексей Беличенко қорғады.

Жыл сайын «Жұлдыздар жарқырайды» жас астрономдардың облыстық слеті өткізіледі. Слетта оқушылар авторлық жобалар мен ғарыш зерттеуінің нәтижелерін ұсынады.



Ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту және робототехниканы көпшілікке таныту мақсатымен робототехника кабинеті ашылды. Жас робототехниктер мен өнертапқыштар робототехника бойынша оқушылар мен студенттерге арналған KazRoboSport -2016 облыстық жарыста 3 орынға ие болды және Павлодар қаласының құрама командасына енді.

Бастапқы техникалық үлгілеуді балалар «Мастерок» үйірмесі және жалпытехникалық үлгілеу үйірмесінде зерделейді. Үйірмеге қатысушылар бірнеше рет қалалық, облыстық, республикалық өңіраралық және халықаралық көрме және жарыстардың жеңімпазы мен жүлдегері атанды.

Техникалық білім берудің бір түрі «Объектив» үйірмесі және «Луч» шығармашылық бірлестігі. Мұнда балалар тележурналистика, фото және бейнетүсіру бойынша бастапқы білім алады. Балалар «Сарай жаңалықтары» жобасы бойынша жұмыс істейді және авторлық бағдарламалар жасайды.

«Луч» 35 жылдық мерейтойын атап өтті. Бүгін шығармашылық бірлестікті Дәулет Даирбаев басқарады - ол өзі Оқушылар сарайының балалар киностудиясының түлегі.

«Луч» балалар студиясының көптеген түлектері кәсіби оператор,

тілші болып жұмыс істейді және теледидарда қызмет атқарады. Солардың ішінде Александр Смирнов облыстық «Қазақстан-Павлодар» телеарнасының тілші-жүргізушісі, Серік Қонақбаев - қалалық «Ирвис-ТВ» телеарнасының телеоператоры, Артём Кохан- республикалық «7канал» телеарнасының бейнемонтаж телеарнасының инженері, операторлар Алексей Омельницкий, Алексей Кот және басқалар.



«Экомир» экологиялық үйрмесінде биология және экология бойынша кең көлемді мәселелер зерделенеді, Оқушылар сарайының кіші зообақ негізінде эксперименттік - зерттеу жұмысы жүргізіледі. Байланысты кіші зообағында 50 аса жануар бар: балық, бауырымен жорғалаушы, құстар және сүтқоректі жануарлар.

М.Х.Сайфулинның авторлық эксперименттік бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған «Алые паруса» клубының жұмысы оқушылардың политехникалық ой-өрісін дамыту және ағылшын тілінен сөздік қорын кеңейтуді көздейді.

Оқушылар сарайының Медиаорталығы

«Юнеско» халықаралық ұйымының «Барлығына арналған ақпарат» үкіметаралық Бағдарламасын іске асыру үшін Оқушылар сарайында қазақ және орыс тілінде журналистика негіздерін зерделеу бойынша бірлестіктер мен медиаорталық құрылды. Медиа орталық телестудия, ақпараттық баспа орталығы, «Сенің әлемің-Твой мир» газет басылымы, «Пинг Понг» және облыстық «Халық радиосы» FM 100.5 радиосында «Жас тілші» балалар баспасөз орталығының радио бағдарламаларын біріктіреді. Күн сайын Сарайдың тыныс-тіршілігі жайлы ақпаратпен толықтырылатын Оқушылар сарайының сайты ашылды. «Луч» бірлестігінің тәрбиеленушілері ай сайын «Сарай жаңалықтары» телебағдарламасын шығарады, бағдарламалар мұрағатын «Luch TV» арнасы мен «Y outube. com» сайтынан көруге болады. 2015 жылдан бастап байланыстағы әлеуметтік желіде «Скриншот» жастар әлеуметтік ағеттігі құрылды. Республикалық «Хабар», «Астана», «24 KZ», облыстық «Ирвис» және «Қазақстан-Павлодар» телеарналарында 2015-2016 жылдары Оқушылар сарайы туралы 30 бағдарлама шықты. Педагогтердің жұмыс тәжірибесі республикалық және облыстық газет пен журналдарда басылды. Оқушылар сарайының жұмысы жайлы ақпарат

халықаралық, республикалық және облыстық, ҚР БҒМ, ҚБРОЭО, білім беру басқарамасының сайттарында беріледі.



2016 жылы Е.В.Вайберт жетекшілік ететін «Пинг-понг» радиобағдарламасы 12 Халықаралық мериафестивальда «Үздік радиобағдарлама» деп танылып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. 12 Халықаралық балалар және жастар қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының «Под счастливой звездой: нам жить в новом мире!» фестивалінде педагогтер Е.В.Вайберт, Ә.С.Аипова, В.А.Даирбаева «Жас тілшілердің тәлімгерлері» аталымы бойынша дипломдарға ие болды.

Медиаорталық облыстың жас тілшілері мен мектеп редакторларының әдістемелік орталығы болып табылады. Жас журналистерге арналған шығармашылық конкурстар мен жобалар өткізіледі.

Жыл сайынғы дәстүрлі «Жас қалам» облыстық фестивалі жас тілшілерді теледидар және журналистика заңдары, облыстық радио, «Қазақстан-Павлодар», «Ирвис» ТВ компаниялары, «Дом печати» типографиясының жұмысымен таныстырады. Жас тілшілер мектеп баспа басылымының макетін құруды үйренеді. Фестиваль қатысушылары облыстық радиода балалар бағдарламасын жазуға қатысады. «Сарыарқа самалы», «Наша жизнь» газеттерінің белгілі журналистері кәсіби шеберліктің құпиясымен бөлісті. ИнЕУ журналистика кафедрасының өкілдері жас тілшілерге журналист мамандығын алу бойынша кеңестер береді.

Балалар баспасөз орталығы (жет. Е.В.Вайберт) және «Луч» шығармашылық студиясының (жет. Д.Б.Даирбаев) көп жылғы табысты еңбегі облыстан шет жерлерге де кең танымал. Педагогтердің авторлық бағдарламалары оқу-әдістемелік материалдардың «Әдістемелік вернисаж» республикалық конкурсында атап өтілді. 2005 жылы Е.В.Вайберттің «Балалар баспасөз орталығы» авторлық бағдарламасы «Үздік авторлық білім беру бағдарламасы» аталымында Бас жүлде, Д.Б.Даирбаевтың «От видеосюжета-до телепередачи» бағдарламасы 1 орынға ие болды. Екі бағдарлама да Қазақстан Республикасының Білім министрлігі ұсынған бағдарламалар тізіміне енді.

Педагогтер ашық сабақ, оқу семинары және шеберлік сабақтарда жұмыс тәжірибесімен бөліседі, өз оқу құралдарын шығарады. Е.В.Вайберттің жұмыс тәжірибесінің материалдары «Ресей және Қазақстанның шекаралас аумағындағы кросс-мәдени коммуникациялар.

2014» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағына енді. 2016 жылы жас журналистерге арналған «Ақылды ойындар. Жас тілшімен жұмысқа арналған әдістемелік материалдар» оқу құралы шықты.

Е.В.Вайберт пен Д.Б.Даирбаев Мейірімділік, Әділдік және Отан игілігіне арналған балалар әлеуметтік бастамасын қолдағаны және балалар қоғамдық қозғалысының дамуына қосқан үлесі үшін «Жұлдыз», «Алтын жұлдыз «Балалар үшін»» төс белгілерімен марапатталды. Олардың үздік тәрбиеленушілері «Под счастливой звездой: нам жить в новом мире!» Халықаралық фестивалінің лауреаттары.

Павлодар балалар баспасөз орталығы Оқушылар сарайында 1987 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. 2006 жылы мемлекеттік тілде «Қаламгер» баспасөз орталығы құрылды, 2015 жылы «Игрик» журналистика студиясы ашылды.

Студиядағы оқу тек қана журналистика тарихы, оның жанрлары мен технологиялары бойынша теориялық білімді игеруді ғана емес, сонымен бірге жас тілшілерді қоғамдық өмірге белсенді қатысуға, кәсіби тәжірибе жинақтауға баулиды. Баспасөз орталығының жас тілшілері «Сенің әлемің» балалар жасөспірімдер облыстық газетін шығаруға қатысады, облыстық және республикалық БАҚ жарияланады. Жұмыстың басты бағыттарының бірі радиожурналистика болып табылады. Павлодар облыстық радио эфирінде 15 жыл бойы балалар баспасөз орталығының «Пинг-понг» радиобағдарламасы шығады.

Мектеп демалысы күндері балалар баспасөз орталығының «Белая ворона» клубының дәстүрлі отырысы өткізіледі. Жас журналистер Павлодар облысының белгілі жазушы, ақын, журналист, суретшілерімен кездеседі.

Тәрбиеленушілер жыл сайын халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық кәсіби және шығармашылық конкурстарында табыспен көрінуде. «Пинг-понг» радиобағдарламасының жүргізушілері, бағдарламаның авторы және сценарисі Балалар баспасөз орталығының жетекшісі болып табылатын Е.В.Вайберт, «Радиобағдарлама» аталымында I, II, III орындарды иеленді. Балалар және жастар қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының «Под счастливой звездой: нам жить в новом мире!» 12 Халықаралық фестивалі шеңберінде «Луч» шығармашылық бірлестігінің жас тілшілері «Үздік балалар қоғамдық телестудиясы» ретінде Бас жүлде, медиафестиваль материалдарын белсенді жариялағаны үшін Бас жүлде, үздік көрме және үздік тұсаукесер дайындағаны үшін 1 орынға ие болды. Сарай тәрбиеленушілері «Жас фототілшілер» аталымында жеңімпаз атанды.

Журналистика бойынша барлық бірлестіктердің жұмысы кәсіби бағдарланғандардың бірі болып табылады. 50 астам түлек Павлодар, Алматы, Астана, Новосибирск, Барнаул қалаларының жоғары оқу орындарында журналистика және филология факультеттерінде білімдерін жалғастыруда. Балалар баспасөз орталығының көптеген түлектері қазақстандық және шетелдік БАҚ-да жұмыс істейді.

«Сенің әлемің-Твой мир» газеті

«Сенің әлемің-Твой мир» газеті 50000 балалар мен жасөспірімдердің басын қосқан «Облыстық балалар – жасөспірімдер» қоғамдық бірлестігінің баспа органы болып табылады. Газет мемлекеттік және орыс тілдерінде айына екі рет шығады. Бұл облыстағы балалар мен жасөспірімдерге арналған жалғыз баспа басылымы. Газеттің тақырыбы алуан түрлі, павлодарлық жасөспірімдер өмірінің барлық аспектілерін қамтиды. Бұған «С миру по сточке», «Тақырып», «Қаламгер қадамы», «Сау бол», «Взгляд с крыши», «Қабырға», «Миға жүгірт», «Көңіл-күй» және басқа айдарлар айғақ болады. Айдар жүргізушілері, редколлегия мүшелері және газет авторлары балалардың өздері. Газет оқырманмен кері байланысты жүзеге асырады. Көптеген хаттар, облыстың қалалары мен аудандарының мектеп материалдары, телефон қоңыраулары мен газет өткізетін конкурстарға қатысушы белсенді оқырмандар осының куәсі.

2016 жылы астана қаласында өткізілген балалар және жастар қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының «Под счастливой звездой: нам жить в новом мире!» 12 Халықаралық фестивалінде Павлодар облыстық «Сенің әлемің-Твой мир» балалар-жасөспірімдер газеті «Баспа басылымдары» аталымында I орынды жеңіп алды.



2014-2015, 2015-2016, 2016-2017 жылдарында «Сенің әлемің - Твой мир» балалар-жасөспірім газетінің облыс мектептерімен белсенді ынтымақтастық мониторингісі

№ к/с	Қала, аудан аталымы	Басылым саны		
		2016-2017	2015-2016	2014-2015
1	Павлодар	165	332	90
2	Ақсу	13	13	8
3	Екібастұз	5	7	4
4	Ақтоғай	2	3	-
5	Баянауыл	3	25	1
6	Железин	16	14	7
7	Ертіс	5	10	7
8	Қашыр	19	21	30
9	Лебяжье	4	17	-
10	Май	5	8	9
11	Павлодар	13	2	-
12	Успен	3	17	14
13	Шарбақты	4	3	4

Көркем тәрбие

Оқушылар сарайы қызметінің бір бағыты жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттерді игерген, ынтымақтастық пен мәдениетаралық өзара әрекеттестікке қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімге ие адамның қалыптасуына бағытталған балалардың көркемдік – эстетикалық тәрбиесі болып табылады. Оқу вокалдық, хореографиялық, аспаптық және театралдық бағыттар бойынша 24 шығармашылық студияда іске асырылады. Бес студия Үлгілі ұжым атағына ие: «Блэйз» эстрадалық би студиясы, «Вдохновение» би ансамблі, «Жас екпін» домбыра оркестрі, «Свет звезды» ән театры және «Музыкальный квартал» вокал ұжымы.

Жыл сайын көркем тәрбие бөлімінде 5-16 жас аралығындағы 1200 аса бала шұғылданады. Тәрбиеленушілердің көпшілігі хореографиялық ұжымдарға (36 %) қатысады, екінші орында – вокалдық ұжымдар (28%), үшінші орында – театрлық және аспаптық студиялар (20% және 16%) .

Хореографиялық ұжымдардың тәрбиеленушілерін билеп үйренуге деген тілек қана емес, сонымен бірге шығармашылық атмосфера, пікірлестердің тату ұжымы, белгілі педагогтер мен болашақ жеңістер қызықтырады. Студия тәрбиеленушілері жыл сайын халықаралық, республикалық, облыстық конкурстардың жеңімпаздары.

«Блэйз» эстрадалық үлгілі би студиясын 1991 жылы Л.В.Корнюхина құрды. Бұл ұжымның барлық би композициялары жарқындығы және керемет концерттік костюмдерімен ерекшеленеді. Үлгілі эстрадалық би студиясының нөмірлері Оқушылар сарайының кез келген концертінің ғана емес, сол сияқты қалалық және облыстық алаңдардың көркіне айналды.



«Анастасия» спорттық би клубында ұжым жетекшісі балаларды би әліпбиінің негізінен бастап халықаралық конкурстардың чемпионы дәрежесіне дейін спорттық және сәндік билердің қыр-сырына үйретеді.

«Вдохновение» үлгілі хореографиялық ансамблі Г.А.Лапухинаның жетекшілік етуімен түрлі деңгейдегі фестиваль және конкурстардың бірнеше дүркін лауреаты және жүлдегері болды. Ансамбль тәрбиеленушілері жоғары орындаушылық шеберлікті меңгерді, ұжым кәсіби қауымдастықта үлкен беделге ие.

«Splash» заманауи би студиясында тәрбиеленушілер бидің түрлі

бағыттарын зерделейді: Jazz, Jazz-modern, Hip-hop, Reggaeton, Брейк Данс, Contemporary. Өз шеберліктерін таяудағы және алыс шет елдердегі конкурстарда табысты көрсетіп жүр.



Вокалдық бағыт тек қалалық емес, республикалық және халықаралық деңгейдегі конкурстарда кең танымал ұжымдармен атақты.

2010 жылы құрылған «Музыкальный квартал» эстрадалық вокал студиясының жетекшісі Т.И.Атланның жоғары кәсіби шеберлігі мен жұмысқа деген шығармашылық көзқарасының арқасында үлгілі атағына ие болды. Мұнда музыка және әнге деген сүйіспеншік біріктірген жас дарындар білім алады.

«Свет звезды» үлгілі ән театрында оқу Е.М.Вальконың авторлық бағдарламасы бойынша жүргізіледі. Бағдарлама балалардың музыкалық қабілетінің жан-жақты дамуы, музыкалық нөмірлердің театрландырылуына бағытталған. Бұл ұжымның кәсіби нөмірлері Оқушылар сарайы концерттері мен барлық қалалық бұқаралық іс-шаралардың көркі болып табылады. «Свет звезды» үлгілі ән театрының әншілері мен топтары – түрлі деңгейдегі көптеген фестиваль және конкурстардың бірнеше дүркін лауреаттары мен жеңімпаздары.



«Дебют» авторлық студиясы қала оқушылары арасында көпке танымал. Ұжым студия жетекшісі, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі Э.Т.Лютровниктің авторлық балалар әндерін орындайды. Студия әншілері сахналық шеберліктің негізімен танысады, вокалдық дағдыларды меңгереді, дыбыс жазатын студияда жұмыс істейді. Ұжым түрлі вокалдық формалар: соло, дуэт, трио, вокалдық топтарды пайдаланады.



«Колейдоскоп» театр ұжымы, «Теремок» балалар позитивті шығармашылық театры, мемлекеттік тілде «Глобус» жас театралдар клубы, «Paradise» ұжымдарында балалар сахналық сөйлеу және қимыл дағдыларын

меңгереді, көпшілік алдында сөйлеу ережелеріне үйренеді. Көптеген әр алуан рөлдердегі тағдырларды ойнап, тәрбиеленушілердің өздеріне деген сенімділігі пайда болады. Шығармашылық студияда қойылым, ойындарла тәрбиеленушілер өздерінің актерлік қабілетін ашып байқайды. Театр және көрмелерге ұжыммен бару балалардың эстетикалық талғамын қалыптастырады. Студия тәрбиеленушілері қайырымдылық акциялары мен ұжымдық шығармашылық істердің белсенді қатысушылары.

КТК жастар теарт студиясы КТК қозғалысына тәрбиеленушілерді тарту арқылы жасөспірімдердің жаңашыл идеялар әлеуетін позитивті іске асырылуын бағыттай отыра, олардың шығармашылық қабілетінің дамуымен шұғылданады. «Fresh» студиясында конкурстық-ойын бағдарламаларының болашақ жүргізушілері мен бұқаралық іс-шаралардың ұйымдастырушылары білім алады.


«Жас дәурен» вокал студиясы және «Арман-шоу»театр студиясында балалар вокалмен шұғылданумен қатар, театрландырылған бағдарламалар дайындайды.

«Жас екпін» үлгілі домбыра оркестрі А.Г.Кенжиханова және М.Б.Кенжехановтың жетекшілігімен аспаптық шығармашылықта жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Оқу жылының аяғында М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының үлкен залында би, вокал және театрлық қойылымдардың жанрлық түрлілігімен тамсандыратын шығармашылық ұжымдардың есептік концерті болады.



Көркемөнер ұжымдарының тәрбиеленушілері мен педагогтері үнемі халықаралық, республикалық және облыстық конкурстарға қатысады. Жыл сайын конкурстарда Оқушылар сарайына сан жағынан ең көп жеңіс әкелетін хореографиялық және вокалдық ұжымдар. Жеңістер географиясы кең байтақ; Қазақстан, Ресей, Италия, Испания, Болгария, Қытай. Шығармашылық студиялардың тәрбиеленушілері әрдайым жеңіспен және жарқын әсермен оралады. 2015-2016 жылдары бөлім ұжымдары 91 конкурсқа қатысыпты.



2016 жылы есте қалған жеңіс: Л.В.Корнюхинаның жетекшілігіндегі «Блэйз» эстрадалық үлгілі би студиясының Сочи қаласында өткен «Черноморский олимп» VII халықаралық фестиваль-конкурсы. Конкурста студия тәрбиеленушілері Бас жүлдені жеңіп алды, үш I дәрежелі және екі II дәрежелі Дипломға ие болды. Қатал қазылар алқасын қазақ мәдениетінің колоритін бейнелейтін «Ояну» атты қазақтың биі тәнті етті. «Блэйз» студиясының тәрбиеленушілері халықаралық конкурстарда Қазақстан Республикасының туын мақтанышпен көтереді. Олар әрқашан өз Отаны мен сүйікті Оқушылар сарайының абыройын асқақтады.



Білім беру және тәрбиелеудің эстетикалық бағыты

Эстетикалық бағыттағы ұжымның қызметі 2015жылғы Қазақстан Республикасында қосымша білім беруді дамыту стратегиясына, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісіне сай жүргізіледі және балалар мен жасөспірімдердің тұлғалық және кәсіби өз тағдырын өзі шешуге, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуді қамтамасыз ететін, заманауи технологияларды меңгеруге бағытталған. Тәрбиеленушілерді көркемдік мәдениетке баулу бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнердің шығармаларын зерделеу, шығармашылық

жұмыстарды жасап шығаруы және құруы ұлттық, дәстүрлі және инновациялық техникаларды меңгеру арқылы жүзеге асырылады.

Шығармашылық бірлестіктер төрт бағыт бойынша жұмыс істейді:

- бейнелеу,
- сәндік-қолданбалы,
- тігін ісі,
- шаштараздық өнер.

Педагогтер өз жұмысын оқыту, шығармашылық, эксперименттік міндеттерін іске асыруға және жоғарғы нәтижеге жеткізуге септігін тигізетін авторлық бағдарламалар бойынша жұмыс жүргізеді.

«Стиль» шаштараз студиясы және «Престиж» стильшілер студиясында қыздар шаштараз ісі мен визаж негіздерімен танысып, болашақ мамандықтың бірінші сатысын игереді. Шаш үлгілерінің қызықты топтамасын құру және макияж өнерін көрсету олардың қолдарынан келеді.

«Креатив» дизайн-студиясында тігін бұйымдарды классикалық және ұлттық стильде жасауды үйретеді.

«Палитра» және «Сымбат» бейнелеу студияларында сурет және графиканың әртүрлі техникаларын меңгеріп, монотипия және құстың қауырсынында сурет салумен танысып, квиллинг техникасында нәзік жұмыстарды жасап шығарады.

«Декор» студиясының тәрбиеленуші-қыздары өзінің шығармашылық жұмысында табиғи материалдарды, суретті кілем, суық батик және былғарыны пайдаланып, моншақпен кесте тігу, мозайкамен айналысады. «Сырмақ» ұлттық қолөнер студиясының үйірмешілері ұлттық нақыштағы бұйымдар жасайды. Жұмыстар орындау сапасымен және нағыз колоритімен ерекшеленеді.

Бөлім педагогтері бейнелеу, сәндік-қолданбалы, шаштараз және тігін ісі бойынша балалар шығармашылығының облыстық конкурстарын ұйымдастырады.

2015 жылы Оқушылар сарайы тәрбиеленушілерінің «Атамұра» сәндік-қолданбалы өнерінің облыстық көрмесі жеңімпаздарының үздік жұмыстары қойылған көрме залы ашылды.



Әлеуметтік-педагогикалық бағыт

Әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы бағдарламаларды жүзеге асыру негізінде тұлғалық-бағдарлау және тұлғалық-әрекетті тәсілдер жатыр. Білім беру бағдарламалары тұлғаның әлеуметтік-маңызды қасиеттері, негізгі біліктіліктердің дамуына ықпал етеді. Аталмыш бағыттағы бірлестіктер қызметінің нәтижесі білім алушылардың жеке басының өзгерістерімен байланысты нақты тұлғалық жетістіктері болып табылады. Балалар мен жастар ұжымының құрамы әртүрлі жастағы топтары оқу-дамыту жағдайлар ретінде қарастырылатын әлеуметтік мәселелердің қол жетімділігін, сабақтастығын, мағыналылығын, кеңдігін анықтайды. Осы бағыттағы топтардың қалыптасуы ерікті қатысу, өз тағдырын өзі шешу, өздігінен ұйымдастыру қағидасы негізінде, әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, іске асырылады.

Қоғамдық бағыттағы клубтар мен үйірмелер жұмысы жастарды өмірлік кеңістіктің барлық саласында білім беруге бағытталған. Құрдастар арасында бір-бірімен қарым қатынаста болу – жаңа достарды табуға, қызықты адамдармен танысуға, өзі үшін көп жаңалық ашуға, өзінің ішкі дүниесін және қоршаған ортаны тануға керемет мүмкіндік. Негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың бос уақытын қызықты, мазмұнды, ақпаратты-пайдалы ету болып табылады.

«Көшбасшы» және «Ровесник» көшбасшылар клубтары мектеп комитетінің ұланбасылары, «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымы мүшелері үшін ұйымдастырылған. Клубтарда жасөспірімдердің белсенді түрде қоғамдық пайдалы қызметке араластыру арқылы көшбасшылық әлеуетін ашады және оқушылар өзін-өзі басқару органдарына жұмыс істеуге дайындайды. Коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға, азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеуге, еріктілер қызметіне, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.



«Ақ бұлақ» скаут орталығы скаут бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізеді. Туризм және өлкетану сабақтары баланың рухани және дене әлеуетінің дамуына ықпал етеді, адамдар және табиғатпен үйлесімді қатынаста болуға үйретеді.

«Азамат» клубы және «Ориентир» кәсіби бағдар беру орталығы құқық және кәсіби салада оқушылардың біліктілігін қалыптастырады. Сабақтар

азаматтық қоғам жағдайында әлеуметтендіруге қабілетті тұлғаны дамытуға ықпал жасайтын «Компасито» балалар құқығын қорғау бойынша Конвенцияны зерделеу халықаралық бағдарлама негізінде өткізіледі. Клуб сабақтары орыс және мемлекеттік тілдерде жүргізіледі.

Ұлттық тәрбие негізінде этникалық ұстаным жатыр – ұлттық сана-сезім қалыптастыруға бағытталған тәрбиені ұлттық мазмұнмен толықтыру, барлық азаматтарға ана тілінде білім алу, қарым-қатынас жасау, өз халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын оқып білу. Қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеу, қазақ тілі мен ағылшын тілін меңгеру «Өркен», «Мен қазақша сөйлеймін», «Englishland» және «Sunny English» үйірмелерінде іске асырылады. Бағдарламалар тәрбие мен білім берудің прогрессивті идеяларында негізделген, өскелен ұрпақтың жалпы адамгершілік құндылықтары, рухани-материалды және ұлттық мәдениеттің қалыптасуына ықпал жасайды. Балалар сабақ барысында тек қана тілді оқымайды, сонымен қатар әр түрлі халықтардың дәстүрі және мәдениетімен танысады. Тәрбиеленушілер шетел тілінде өз ойларын жеткізуге үйренеді.



Әлем халықтарының әдеби мұрасымен танысу «Книжный причал» үйірмесінде ерте жасынан басталады. Балалар классикасының ең үздік үлгілерін оқи отырып, көркемдік талғам және шығармашылық қабілеттерді, кітап оқу қажеттілігін дамытады. «Рауан» әдеби-шығармашылық студиясында тәрбиеленушілер өздерінің бірінші авторлық шығармаларын жазып, балалар газеттері мен журналдарында оларды жариялайды, халықаралық және республикалық деңгейдегі әдеби конкурста жеңімпаз атанады. Студия тәрбиеленушілерінің шығармашылық тұрғыда өздерін таныстыруы қала мектептері оқушыларына арналған балалар кітабы апталығы және әдеби қонақжай болып табылады.

Мектеп өмірінде жасөспірімдердің есею кезеңінде өз құрбыларымен және ересектермен қарым-қатынас жасауда мәселелер туындайды. «Жантану» клубы сабақтарында шиеленіс жағдайлардың алдын алуға және тәрбиеленушілердің өзін-өзі тану қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Патриоттық тәрбие

«Аталар-ардагерлер, немерелер-із зерттегіштер» мұражайын Жеңіс естелігінің рухани орталығы деп атайды. «Қызыл із зерттегіштер» іздеу жасағы хабарсыз кеткен жауынгерлер туралы ақпаратты жинаумен

айналысады. Мұражай жәдігерінің көпшілігі шайқас алаңынан жиналған немесе жауынгер туыстарының сыйы ретінде берілген заттар. Мұражайда Ұлы Отан соғысы жайлы баяндайтын 400 іздеу ісі және мыңнан аса жәдігерлер ұсынылған. Бұл жерде оның атымен аталған Оқушылар сарайы, Кеңес Одағының батыры Михаил Максимович Катаевтің өмірі мен ерлігі жайлы барлық материалдар жинақталған. Мұражайдың барлық жәдігерлері өте құнды, оның біреуі ВДВ штабы «Қызыл із-зерттегіштер» жасағына мәңгілік сақтауға табыстаған 1943 жыл үлгісіндегі парашют. Бүгінгі күні мұражайда тоғыз жәдігер мына тақырыптар бойынша ұсынылған: «Хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен жоқ...», «Павлодарлықтар – Кеңес Одағының Батырлары», «Павлодарлықтар – Даңқ Ордендерінің үш мәрте кавалерлері», «Шайқас жерінен қасиетті топырақ», «Аталар-ардагерлер, немерелер - із зерттегіштер» («Қызыл із зерттегіштер» жасағының қызметі туралы), «Эвакогоспиталь № 2448». Экспонаттардың біреуі мұражайдың негізін қалаушы, майдангер Владимир Михайлович Дьяченкоға арналған.

Оқушылар сарайындағы мұражай адамдар ең көп келетін жерге айналды. Жыл бойы облыс мектептерінің оқушылары мен ұстаздары, Қазақстанның барлық өңірлерінен келетін Сарай қонақтары үшін экскурсиялар өткізіледі.

«Мұрагер» азаматтық-патриоттық бағыттағы қоғамдық клубта сабақтар жасөспірімдердің белсенді азаматтық ұстанымы және жоғарғы патриоттық сана-сезіміне ықпал етеді. Клубтың белсенді жұмысына «Аталар-ардагерлер, немерелер - із зерттегіштер» мұражайында жұмыс жүргізуді, жас экскурсия жүргізушілерін дайындау, зияткерлік ойындар, белсенді кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізу кіреді.



Оқушылар сарайында «Пионериядан Жас Ұланға дейін» мұражайы іске қосылған, мұнда сирек кездесетін он тоғызыншы ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап біздің заманға дейін – Қазақстанның жаңа Балалар-жастар ұйымын құруына Павлодар Ертіс өңірінің пионерия қызметі жайлы тарихи құжаттар, фотосуреттер мен жәдігерлер жинақталған. Мұражай экспозициясы «Пионериядан Жас Ұланға дейін» шежіресін жинақтап, мұражай ұйымдастырушысына негіз болған XX ғасырдағы 40-80 жылдарындағы бірінші пионер жасақтары және аға тәлімгерлердің қызметі

жайлы мұрағат құжаттарымен, фотоматериалдарымен толықтырылып тұрады.

Денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс

Оқушылар сарайында білім берудің негізгі міндеттерінің бірі: барлық категориядағы балаларға, соның ішінде денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің қосымша білім алуға қол жетімділігі жүзеге асырылады. Шығармашылық студиялар мен үйірмелерде қосымша білім беру ұйымдары бойынша жұмыс жалғасуда, онда әр бала өзін-өзі іске асыру саласын табуға мүмкіндік беретін балалар шығармашылығы және бос уақытын ұйымдастырудың бірнеше түрлері көрсетілген.

Өмірлік мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге арналған білім беру авторлық бағдарламалар өзін-өзі тану, қарым-қатынас жасау және өздігінен даму саласында әуелі әлеуметтік маңызды дағдылар мен біліктерді меңгеруге бағытталған.

Көркемдік тәрбие студияларында тәрбиеленушілер шығармашылық қабілеттерін ашу мүмкіндігіне ие болады. Балалар ұйымдастырушылық және коммуникативті ептілікті, топпен жұмыс жасау дағдысын меңгеріп, табысқа жетеді.

«Теремок» позитивті балалар шығармашылық театрында (жет. Карпова И. В.), «Жас дәурен» вокал студиясында (жет. Ноғаева Б. Қ.), «Paradise» шығармашылық студиясында (жет. Аскаусов Т.Қ.) балалар өздерін көрсетуге, құрбыларымен қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Тәрбиеленушілер театрландырылған мейрамдар, фестивальдер, қайырымдылық акцияларды дайындап өткізуге қатысады.

«Декор» және «Палитра» эстетикалық тәрбие студияларында педагогтер Мирзоян Е.Л. және Дмитриева В.А. қолдың икемділігін дамыту, бейнелік ойлау, іс-әрекет үйлесімдігі бойынша жұмыс жүргізеді. Балалар қуаныш пен қанағаттану сезімін сыйлайтын авторлық жұмыстар жасайды.

«Экомир» және «Росток» экологиялық үйірмелерінде, анималтерапияның барлық жағымды аспектілерін пайдаланатын байланысты кіші зообақта балалардың қарым-қатынас қажеттілігі қанағаттандырылады және қалыптасады.

«Мастерок» бастапқы техникалық үлгілеу студиясында Бектоғаева Г. С. үш жыл бойы облыстық психоневрологиялық медицина-әлеуметтік мекемесі және есту қабілеттері нашар интернатының балаларды оқып келеді. Ол оригамидің әліпбиі және үлгілеудің негізімен таныстырады, машина, ұшақ, кеменің қарапайым үлгілерін жасауға үйретеді, қол икемін дамытады. Педагог шығармашылық белсенділік және өздігінен әрекет жасауды үйретеді.

«Рауан» шығармашылық студиясының жетекшісі Юрченко М.В. екі жылдан бері мүгедектердің қоғамдық бірлестігі «Самал» оңалту орталығының денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған дамыта оқытуды ұйымдастырып келеді. Әдеби шығармашылық сабақтары

үшін балалардың әртүрлі жастағы топтары қамтылған. Студия тәрбиеленушілері әдеби қонақжайдың қонағы болады. Белгілі ертегілердің театрландырылған қойылымдарына қатысу танымдық қызығушылықты қалыптастырады, ауызша сөйлеуді дамытады.

Павлодар қаласының №15 мектептің түзету сыныптарының оқушылары жыл сайын Оқушылар сарайы әртүрлі студияларының тәрбиеленушілері атанып, экскурсиялық-танымдық және конкурстық ойындық және концерттік бағдарламалардың қатысушылары болады.

Балалардың сапалы әлеуметтенуінің маңызды шарты әлеуметтік қарым-қатынас дағдысын меңгеру және қоршаған ортаға позитивті көзқарас қалыптастыру. топтарындағы Сарайдың түрлі жастағы және білім беру топтары тәрбиеленушілерінің бірлескен бұқаралық іс-шаралары т-зімділік, эмпатия, командада жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Педагогикалық ұжым өңірлік әлеуметтік, қайырымдылық жобаларға қатысады. «Мектепке жол», «Қамқор», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» атты акциялар жыл сайын өтіп тұрады.

Оқушылар сарайында «Жас Ұлан» ОБЖБ қамқорлығымен Балалар бейбітшілік орталығы құрылды, ол «Халықаралық әлем қоры» ҚҰ, «Самал» оңалту орталығы» ММ, Павлодар қ. әлеуметтік бағдарлама және қамту бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет жасау орталығы» КМК, ҚР Қызыл жарты ай қоғамы ҚҰ-мен бірлесіп жұмыс жүргізеді. Бейбітшілік балалар орталығының жетекшісі С.С.Сүлейменова «Үміт сәулесі» кешенді жобасын іске асырады. Аталмыш жоба облыстың еріктілер жасағының жұмысын қарқындатады, денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларды, үйде білім алушыларды және көп балалы отбасындағы балаларды іс-шаралармен қамтуға мүмкіндік береді.

Жыл сайын Оқушылар сарайында денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қызықты іс-шаралар өткізіледі: мерекелік концерттік бағдарлама, тренинг, флэш-моб, танымдық-ойын-сауық бағдарламалары, әдеби қонақжай, жаңажылдық мерекелер. 2015-2016 оқу жылы өткізілген ең жарқын және есте қаларлық мерекелік бағдарлама «Жүрегімді балаларға сыйлаймын» болды, ал 2016-2017 оқу жылында «Жүректен- жүрекке» концерттік бағдарламасы дайындалды.



«Жүрегімді балаларға сыйлаймын!» ойын бағдарламасы Оқушылар сарайының тәрбиеленушілері мен мүмкіндігі шектеулі балаларды, олардың ата-аналарын жинап қана қоймай, аға тәлімгерлер ішінен жас мамандарды және қала мектептерінен ұйымдастырушы-педагогтерді қатыстырды. Ойын бағдарламасына бекеттер бойынша саяхат енгізілген. «Нұр сәулелі» бекетінде барлық қатысушылармен танысу өткізілді және «Күлімсіреу» ойыны болды. «Балшуақ» бекетінде «Ровесник» қоғамдық клубының еріктілердің үгіт бригадасы сөз сөйледі, ал «Музыкалық» бекетте «Дебют» авторлық студиясының әншілері ән шырқады. «Туған жер» бекетінде ата-аналар «Қалпақ» және «Ең-ең» ойындарына қатысты. «Би» бекетінде ерекше белсенділік көрсетілді. «Анастасия» спорттық-би клубының тәрбиеленушілерінің биі ешкімді селқос қалдырған жоқ, барлық балалар флэш-моб биледі. «Позитивті» бекетінде барлық қатысушылар Достық гимнін шырқап, одан кейін оларға сыйлықтар табысталды. Іс-шараның қорытындысында балалар өз жүректерін «Мейірімді жүрек» плакатына жапсырды. Осы іс-шара арқасында барлық санаттағы балалар мейірімділік және толеранттық идеясына құштар болып, қарым-қатынас қажеттілігін іске асырды, шығармашылық қабілеттерін көрсете білді.



Жыл сайын «Рауан» шығармашылық студиясы «Самал» оңалту орталығының балалары үшін әдеби қонақжай өткізеді. 2015 жылы «Очей очарование – поэзия осени» тақырыбында кездесу болса, 2016 жылы - «Рождественское чудо, или любовь спасет мир» тақырыбы тілге тиек болды.



Бірнеше жыл қатар мүгедектер және қарт адамдар, отбасы үлгідегі «Мичурин балалар Үйі», Кенжекөл балалар ауылы, «ЦВИАРН» орталығы, жасөспірімдер бейімдеу және сауықтыру баспанасы, керең-мылқау

кемістігі бар балалардың мамандырылған интернат-мектебінің тәрбиеленушілері үшін «Достық шеңбері» қайырымдылық жобасын іске асыру бойынша жұмыс жүргізіледі.


Оқушылар сарайы «Достық шеңбері» облыстық жобасының аясында Оқушылар сарайының студия тәрбиеленушілері Мичурин балалар Үйінде «Жүректен жүрекке» атты мерекелік концертпен қонаққа барып қайтты. Музыкалық нөмірлерді «Блэйз» эстрадалық би үлгілі студиясы, «Музыкальный квартал» үлгілі вокал студиясы, «Paradise» және «Fresh» шығармашылық студиялары дайындады. Жігерлі жүргізушілер көңілді сайқымазақ бейнесінде өз ойындары және конкурстарымен балалардың көңілін көтерді. «Астана» патриоттық әнін «Асықпа» тобының орындауында көрермендер бар зейінін салып тындаса, ал «Блэйз» орташа тобының орындауындағы «Выкрутасы» креативті биін керісінше езу тартып қабылдады.

Оқушылар сарайының жас әртістерінің басқа мекемелерге барып өнер көрсетуі үнемі болып тұрады. Балалар Үйлерінде, қарттар мен мүгедектердің интернат-үйлерінде қайырымдылық концерттер өткізіледі. Мұндай кездесулер балаларды қайырымдылыққа үйретіп, қамқорды қажет ететіндерге мейірімділік сыйлайды.




Балаларға қосымша білім беру студияларының бағыттары

2013 - 2016 жж. Оқушылар сарайы студияларында ДМШ тәрбиеленушілер саны



Балаларға қосымша білім беру студияларының бағыттары



Психологиялық қызмет тәрбиеленушілердің психологиялық-педагогикалық қолдаудың құралдары мен түрлерін таңдау үшін олардың дамуындағы ерекшеліктерін ескере отырып, диагностикалық жұмысты жүзеге асырады. ДМШ балаларға оқыту мен тәрбиелеудің ең жоғары деңгейдегі жайлы жағдайын ұйымдастыруда диагностика нәтижелері ескеріледі.

Ата-аналармен өткізген әлеуметтік сауалнамалар бойынша білім беру бойынша қызмет көрсетуі 100%-қанағаттанушылық деңгейде және қажеттілікке ие екендігі анықталды. Ата-аналар (45%) студиялар мен үйірмелердегі сабақтар балалардың дарыны мен қабілетін ашуға көмектесті деп есептейді. Балалар өмірге қажетті практикалық дағдыларға ие болды, мектептегі оқу үлгерімін жақсартты (30%). Балалардың көбі Оқушылар сарайында өз еркімен оқиды (71%), достары мен таныстарының ұсынысы бойынша -22%.

Балалар таңдаған білім берудің ең қызықты бағыттары: музыкалық - 62%, театрлық -15%, бейнелеу -11%.

Сонымен, педагогикалық ұжымның қызметі денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі балалармен әлеуметтік сауықтыруда жағымды әсерге қол жеткізеді.

«Білімпаз» студиясы

Балаларға негізгі және қосымша білім беруді біріктіруде бағдарламалық-әдістемелік жағдай жасау мектепке дейінгі бала және жасы кіші оқушылардың психологиялық және білім беру дайындығын, көркемдік-шығармашылық белсенділігінің дамуын қамтамасыз ететін «Білімпаз» эстетикалық тәрбие беру және дамыту студиясын ұйымдастыру болып саналады. Оқытуды мектепте оқуға талап қоя білумен қатар, мектеп жасына дейінгі балалармен танымдық қызығушылығын тиімді үйлестіре білетін, авторлық және білім беру бағдарламалары бойынша еңбек тәжірибесі бар педагогтер іске асырады. 5-6жастағы балалардың танымдық қызығушылығын дамыту үшін «Білімпаз» эстетикалық тәрбие беру және дамыту студиясының қызмет бағдарламасы құрастырылды. Студияда оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

«Сауат ашу», «Жазу», «Тіл дамыту», «Умники и умницы», «Знайка» үйірмелерінің сабақтарында балаларды жазуға дайындық кезеңі жүзеге асырылады. «Қызықты математика» және «Считалочка» үйірмесі сабақтарында тәрбиеленушілер 10 шамасында тура және кері санау және натуралды сандар қатар арасындағы қатынас дағдысын жетілдіреді. «Дамыту», «Логика» үйірмелерінде логикалық есеп және жаттығу орындағанда балада ойлау операциялары қалыптасады: талдау, жинақтау, қорыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін «Сикырлы қылқалам» бейнелеу өнері үйірмесінде, «Балдырған» музыка үйірмесінде, «Гүлдер» ритмика үйірмесінде сабақтар өткізіледі.

Тәрбиеленушілер шет тілін ерте меңгеру мақсатында «Englishforkids» үйірмесі жұмыс істейді. Ағылшын тілі сабақтарында балалардың оқытылып жатқан тілдің мемлекеті туралы көзқарасын кеңейту, оның мәдениетіне баулу, олардың шетелдік құрбылары ойнайтын ойындарымен, тақпақтарымен, әндерімен таныстыру көзделеді. «Қоршаған ортамен таныстыру» және «Солнечные ступеньки» үйірмелерінде қоршаған ортамен таныстыру сабақтарында тәрбиеленушілер туған ел, қала, адам еңбегі, тірі және өлі табиғат, ондағы өзгерістер, оны қорғау туралы білімдерін кеңейтеді. «Балдырған», «Гүлдер», «Сиқырлы қылқалам» үйірмелерінің сабақтарында халық өнері, шығармашылығы, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты меңгеру арқылы рухани және мәдени құндылықтарды қалыптастыру, ел мен халық тарихына құрмет көрсетуге баулиды. Студия тәрбиеленушілері «Пони» халықаралық конкурсына табысты қатысады. 2015 жылы Құндызбай Е. Абсолюттік жеңімпаз атанса, 2016 жылы 2-орынға ие болды.




М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының жобалық қызметі

Қазіргі уақытта жобалық қызмет даму стратегиясын іске асыру тәсілі ретінде кеңінен тараған. Оқушылардың жалпы білім беру, ақпараттық-танымдық сұранысын қанағаттандыруға себеп болатын мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыру балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттері, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамытуға ықпал етеді.

Жоба – бұл білім берудегі ерекше философия: мақсат пен қызметтің, нәтиже мен жетістіктердің философиясы. «Бар білгенім не үшін қажет, оны қайда және қалай пайдаланатынымды мен білемін»- жоба әдісінің заманауи түсінігінің негізгі тезисі осындай. Оқушылар сарайы педагогтері үшін жобалармен жұмыс тұлғалық өсу мен дамудың керемет тәжірибесі болып саналады.

2014, 2015, 2016 жж. М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының жобалық қызметі



М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы жүзеге асырылған жобалардың тізімі

№	2013- 2014	2014-2015	2015-2016	2016-2017
Әдістемелік бөлім				
1	«Педагогикалық шеберхана» жобасы	«Шығармашылық үдіріс» Кәсіби шеберліктің облыстық Мега-жобасы	«Қосымша білім беру ұйымының үздік педагогі» Облыстық жобасы	«Психологтың үздік авторлық бағдарламасы және әдістемелік құралы» облыстық жобасы
2	«Жобалар шеруі» жобасы (балалар әлеуметтік бастамалары)	««Жобалар шеруі» мини-жобасы (балалар әлеуметтік бастамалары)	«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-қадамы» жобасы	
3	«Табысқа бастар жол» жобасы	«Үздік қосымша білім беру ұйымы»	«Татулық тірегі, достық дәнекері» бейнероликтер мен тұсаукесерлердің облыстық дистанциялық конкурсы	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған «Асыл мұра» балалар шығармашылығы облыстық жобасы

4	«ПРОдвижение» жобасы Облыстық ұланбасы конкурсы «Үздік Ұлан»	«Балалар саясатта - Дети в политике» ОБЖҰ ҚБ және «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының бірлескен жобасы	«Мектеп омбудсмені» облыстық жобасы «Жас Ұлан» жазғы бейінді көшбасшылық мектебі	
5	«Ел рәміздері – менің мақтанышым» зерттеу-танымдық конкурсы	«Проба пера» облыстық балалар әдеби шығармашылық жобасы	«Пионериядан «Жас Ұланға дейін» облыстық жобасы «Мен және «Жас Ұлан» облыстық жобасы	«Проба пера» облыстық балалар әдеби шығармашылық жобасы
6		Облыстық жобасы В.В.Коломейецтің еске алуына арналған «Педагогикалық даңқтың аллеясы»	«Педагогикалық даңқтың аллеясы»	«Үздік Ұлан – Жас бейбітшіл» облыстық кешенді мега-жоба
7	«Профи - time» жобасы	«Қазақстан жолы – Казахстанский путь» облыстық жобасы	«Профи - time» жобасы	
8	«Туған өлкенің батырлары» «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымдары арасында облыстық дистанциялық конкурс	«Жас Ұлан» Туының астында» облыстық жалау топтарының байқау-конкурсы	«Чернобыль. Қайталанбас үшін есте сақтау» «Бала би» облыстық жобасы	«Юниор-экспресс» облыстық кешенді жоба
	«Жас Қалам» «Қазақстан - 2050» мини -жоба	«Үміт сәулесі» облыстық кешенді жоба	«Үміт сәулесі» кешенді жоба	«Біз және заң» облыстық кешенді жоба
9	«Менің отбасымның тарихы» облыстық жобасы	Ұлы Жеңістің 70-жылдығына арналған «Отбасы тағдыры - ел тағдырында» бейнеальбомдардың облыстық конкурсы	«Табыс траекториясы» кешенді жоба	«Ел тағдыры – менің тағдырым» облыстық жобасы
10	«Менің мектептегі мұражайым» «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымы арасында Дистанциялық	«Мұражай – ұрпақтарды байланыстырады» облыстық конкурсы	«Память в лицах» облыстық жобасы	«Виртуалды мұражайды БІРГЕ жасаймыз» дистанциялық бейне-конкурс

	конкурсы			
11	«Шуақты жаз - 2014» облыстық сырттай конкурс	1941-1945ж.ж.Ұлы Отан соғысында Жеңістің 70жылдығына арналған «Қазақстан жолы - Казахстанский путь»жобасы,	«Юниор-экспресс»кешенді жоба	«Поколение+» жалпы ұлттық жоба шеңберінде «Қазақстан РеспубликасыТәу елсіздігінің25 қадамы»облыстық жобасы
Ғылым және техника бөлімі				
12	«Сынып өмірінен сюжет»үздік бейнероликтердің қалалық конкурсы	«Бізді қоршаған орта: менің қалам» үздік фотосуреттердің қалалық конкурсы		«Сынып өмірінен сюжет»үздік бейнероликтердің облыстық конкурсы
13	«Бізді қоршаған орта» үздік фотосуреттердің қалалық конкурс	«Олар Отан үшінсоғысты» үздік балалар бейнематериалдарының облыстық конкурсы		
14		«Құтқарылған әлем есте сақтайды...» шығармашылық жұмыстардың қалалық конкурсы	«Жұлдыздар жарқырайды» жас астрономдардың облыстық слеті	«Жұлдыздар жарқырайды» жас астрономдардың облыстық слеті
15		«Техноградқа саяхат»техникалық үлгілеу бойынша қалалық конкурс		Робототехникадан облыстық жарыстар
Эстетикалық тәрбие бөлімі				
16	«Шеберлер қаласы» балалар бейнелеу өнерінің облыстық конкурсы	«Шеберлер қаласы» балалар бейнелеу өнерінің облыстық конкурсы	«Достық шеберханасы»балалар шығармашылығының облыстық конкурсы	«Достық шеберханасы»балалар шығармашылығының облыстық конкурсы
17	«Сәнді толқын» жас сәнгерлердің облыстық конкурсы	«Сәнді толқын» жас сәнгерлердің облыстық конкурсы	«Подиум» шаштараз және тігін өнерінің облыстық конкурсы	«Подиум» шаштараз және тігін өнерінің облыстық конкурсы
18	«Туған жер» сәндік-қолданбалы өнердің облыстық конкурсы			

Көркем тәрбие бөлімі				
19	VI облыстық «Күй тартыс - 2014» сайысы	«Алтын микрофон»жүргіз ушілердің облыстық конкурсы	«Таланттар шоуы» тележобасы	«Алтын микрофон»жүргіз ушілердің облыстық конкурсы
20	«Халық мұрасы»аспаптық ансамбльдердің облыстық конкурсы		«МЕГА – DANCE»Облыстық хореографиялық конкурсы	
21	«Достық шеңбері» облыстық қайырымдылық жобасы	«Достық шеңбері» облыстық қайырымдылық жобасы	«Достық шеңбері» облыстық қайырымдылық жобасы	«Достық шеңбері» облыстық қайырымдылық жобасы
22	«Жаңа жұлдыз - 2014» вокал шеберлігінің облыстық конкурсы	«Жаңа жұлдыз - 2015» вокал шеберлігінің облыстық конкурсы		«Жаңа жұлдыз - 2017» вокал шеберлігінің облыстық конкурсы

М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының облыстық конкурстары мен жобалары

Павлодар облысының барлық қалалары және аудандары қатысатын шығармашылық облыстық конкурстар ең жарқын және есте қаларлық болып табылады. Балалар шығармашылығы конкурстары әртүрлі бағытта өткізіледі. Ең танымал вокалдық, хореографиялық, аспаптық, әдеби, бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы бағыттар болып саналады.

ҚР Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған «MEGADANCE» хореографиялық ұжымдардың облыстық конкурсы болды.

Павлодар облысының білім беру ұйымдарының 15 би жымының 258 жас бишілері өздерінің би нөмірлерін ұсынды. Конкурс аталымдар бойынша өтті, сондықтан сахнаға жаңа шығып жүрген бишілерге де, жеңімпаз атанып жүргендер ұжымдарға да қатысуға мүмкіндік туды. «Халық биі» аталымында жасы кіші топта 1 орынды Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандырылған гимназиясының «Айгөлек» би ұжымы иеленді.

«Эстрадалық би» аталымында жасы кіші топта 1 орынды Баянауыл ауданы, Майқайын балалар өнер мектебінің «Айналайын» үлгілі би ұжымы иеленді. «Мега-Dance» облыстық хореографиялық конкурстың Баянауыл ауданы, Майқайын балалар өнер мектебінің «Айналайын» үлгілі би ұжымы Бас жүлде иегері атанды.



Жыл сайын «Күй тартыс» және «Халық мұрасы» облыстық фестивалі өтеді. 2016 жылы «Күй тартыс» облыстық фестивалі жеке орындаудағы жеңімпаздарды анықтады және 78 жас музыкант арасынан үздік домбыра ұжымы мен 7 домбыра ансамблін анықтады.

Қазылар алқасы гран-при иегерлері, М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының «Жас екпін» домбыра оркестрінің музыкалық композициясын орындаудағы келісімділік пен үйлесімділікті атап өтті. І дәрежелі Диплом Павлодар ауданының «Желдірме» музыка мектебінің домбыра ансамбліне бұйырды.

«Күй тартыс» облыстық фестивалінің қорытынды кезеңіне 18 музыкант қатысты. Қазылар алқасы Павлодар ауданы Балалар музыка мектебінің тәрбиеленушісі Назмутдинова Фаиздың домбырада ойнау кәсіпқойлығы және асқан шеберлігін атап өтті. Ол Бас жүлде иегері атанды. 1-орынды Павлодар қаласының №25 ЖОМ оқушысы Тоқсанбай Арыстан иеленді, оның сезімталдықпен орындау тәсілі атап өтілді.

Екі жылда бір рет «Проба пера-2016» балалар әдеби шығармашылығының облыстық жобасы өтеді. Конкурс Павлодарлық Ертіс өңірінің балаларының әдеби өмірінде дәстүрге айналып, маңызды орынға ие болды. Конкурсқа 200-ден астам оқушы қатысты.

Ұлы Жеңістің 70-жылдығына арналған «Проба пера-2015» балалар әдеби шығармашылығының облыстық конкурсы үздік конкурстық жұмыстардан тұратын «Балалар соғыс туралы жазады - Дети пишут о войне» жинағының жазып шығару және оның тұсаукесерімен аяқталды.

2016 жылы бұл конкурс Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған болатын. Конкурсқа мемлекеттік және орыс тілдерінде облыстың барлық аудандарының оқушыларымен қатар, колледж студенттері өздерінің поэтикалық және прозалық шығармаларын жіберді.

«Поэзия» және «Проза» аталымында қазылар алқасы әрбір жас топтарында 3 жүлдегерден 36 жеңімпазды анықтады.

«Татулық тірегі, достық дәнекері» бейнероликтер мен тұсаукесерлердің облыстық конкурсына жалпы білім беру және қосымша білім беру 25 ұйымдарынан 44 жұмыс келіп түсті. Конкурсстық жұмыстар мына тақырыптар бойынша ұсынылды: «Интернационалды отбасы», «Қазақстан халықтарының мәдениеті, салт-дәстүрлері», «Павлодар облысының қала мен аудандарындағы ескерткіш орындар». Облыс және

қала мектептерінің 22 оқушысы үш жас топтары бойынша жүлдегер атанды.

«Асыл мұра» балалар шығармашылығының облыстық жобасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған болатын. Облыстық жобаның бірінші кезеңінде оқушылар «Менің елімнің болашағы» тақырыбында ең үздік тұсаукесер мен бейнероликтер бойынша жарысқа түсті. Жеңімпаздар фестиваль-конкурстың қатысушылары атанды. Командалар «Білгірлер бәйгесі» зияткерлік конкурсына қатысып, Қазақстан халықтарының ұлттық ойындарын ойнады, көшбасшылар турнирінде «Менің Қазақстаным 25 жылдан соң» тақырыбында үш тілде эссе оқыды.



Балалар шығармашылығын дамыту және насихаттау, бейнелеу ұлттық сәндік-қолданбалы жұмыстарды көпшілікке таныту мақсатында жыл сайын «Достық шеберханасы» балалар шығармашылығының облыстық конкурсын өткізіледі. 2016 жылы конкурсқа облыстың жалпы білім беру және көркемдік мектептерінен 200 бала қатысты. Сәндік-қолданбалы және бейнелеу өнерінің 23 түрлі техникасында орындалған 250-ден астам жәдігер ұсынылған болатын. Қолөнердің ұлттық түрлері ерекше танымға ие болды: киіз басу, ши тоқу, кілем тоқу, құрақ техникалары. Жылдан-жылға қатысушылар саны көбейіп, конкурстық жұмыстардың сапасы, ерекшеліктері артуда.

«Подיום» шаштараз және тігін өнерінің облыстық конкурсы ерекше қызығушылықпен өтеді. Мұнда жас модельер, дизайнер және шаштараздар өз қолдарынан шыққан бейнелерді көрсетеді. Жыл сайын политехникалық колледж, қызмет көрсету колледжі, облыстық Оқушылар сарайының «Стиль» шаштараз студиясы, «Престиж» стилистер мектебінің 50-ден астам қыздары конкурс қатысушылары болады.



Мәдени және бос уақытты қамту қызметі

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу мақсатын арттыру үшін Оқушылар сарайында облыстық іс-шаралар өткізіледі. Жыл сайын Оқушылар сарайында бейнелеу өнері және сәнді-қолданбалы өнер көрмесі, фестиваль, концерт, таңымдық-ойын-сауық бағдарламалары, балалар кітабінің апталығы, театрландырылған қойылымдар, мерекелер, шыршалар, ашық есік күндері өткізіледі.

Жыл бойы шығармашылық студиялар Қазақстан Республикасының мемлекеттік мейрамдарына арналған концерттік бағдарламалар өткізеді. Ең көрікті қойылымдардың бірі Қазақ хандығының 550-жылдығына арналған «Тарих толқынында» атты музыкалық-театрландырылған қойылым болды. Музыкалық-театрландырылған қойылымға Оқушылар сарайының «Арман-шоу» театр-студиясының 60 тәрбиеленушісі қатысты. Олар қазақ халқының тарихи жолын басынан бастап Тәуелсіз Қазақстанға дейінгі кезеңін көрсете білді. Көрермендер қазақ халқының өмірін мына қойылымдарда тамашалады: «Жәңгір хан бастаған басшылар кеңесі», «Ауыл», «Жеңіс», «Абылай хан», «Голодомор», «Кеңес үкіметінің құрылуы», «Ұлы Отан соғысы», «Тың», «Желтоқсан оқиғалары», «Тәуелсіз Қазақстан». Театрландырылған нөмірлердің вокалдық сүйемелдеуі өткен жылдардың атмосферасын сезінуге көмектесті. «Қазақ елі» -туған ел туралы ән әртістер мен көрермендердің шабытты орындалуы қойылымның шыңы бола білді.



Ұлы Отан соғысында Жеңістің 70-жылдығына арналған Мега-фестивальдің Гала-концерті болды. Мұнда 2015-2016 оқу жылында Павлодар облысы білім беру басқармасының мектеп, колледж, қосымша білім беру мекемелерімен бірлесіп өткізген жиырма конкурстар мен жарыстардың қорытындылары шығарылды. Олардың ішінде М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының облыстық жобалары мен конкурстары: «Павлодар облысы – менің Отаным» облыстық жобасы, «Отбасы тағдыры ел тағдырында» конкурсы, «Мұражай – ұрпақтар арасындағы байланыс» мектеп мұражайларының конкурсы, «Жауынгер портреті» балалар суреттерінің көрме-конкурсы, «Ерлікті жүрегіңмен сезін!» балалар әдеби шығармашылығының конкурсы; «Аты-баты, шли солдаты...», «Жас Ұлан» әскери-спорттық ойыны, және сап түзеу және ән фестивалі мен байқаулары,

әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша жарыстар. Барлық іс-шараларға 2000-нан аса адам қатысты.

Мейрамның басты қонақтары Ұлы Отан соғысының ардагерлері, еңбек ардагерлері, мемлекеттік орган және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, Кадет корпусы мен басқа да әскери-патриоттық бірлестіктердің тәрбиеленушілері болды.

Мейрам бағдарламасына облыстық конкурстардың жеңімпаздары, Павлодар облысының үздік балалар ұжымдары мен орындаушылары енгізілді: Павлодар облыстық Оқушылар сарайының «Свет звезды» ән театры, «Арман-шоу» театр-студиясы; П. Чайковский атындағы музыка колледжі, Ақсу қаласы Жаяу Мұса атындағы колледж, павлодарлық №40 мектеп.



Балалар кітап апталығы

Көктемгі демалыс кезінде кітапханада Оқушылар сарайының тәрбиеленушілері мен мектеп оқушыларына арналған Балалар кітабының апталығы өткізіледі. Бұл шараларға жыл сайын 1000-нан аса бала қатысады. Экскурсия, кітап көрмелері, әдеби-танымдық конкурстар және театрландырылған қойылымдар ұйымдастырылды.

Балалардың есінде қалған мерекелер: «В гостях у Королевы Книги», «Давайте любимые книжки откроем», «Чудеса в книжном государстве», «В гостях у Андерсена», «Путешествие в Михалковград», «Қазақ хандығының 550-жылдығы», «Сказочный переполюх» және тағы басқалары.





Оқушылар сарайының Ашық есік күні.

Күзгі, қысқы және көктемгі демалыс мезгілінде Ашық есік күндері өткізіледі. Ашық есік күнінің бағдарламасына концерттік бағдарлама және үш бағыт бойынша тақырыптық шығармашылық алаңдарға қатысу енгізілген: гуманитарлық, эстетикалық және ғылыми-техникалық. Оқушылар экскурсияға кітапхана, кіші зоопарк, планетарий,

обсерватория, сәндік-қолданбалы шығармашылықтың көрме залы, «Аталар-ардагерлер, немерелер-із зерттегіштер» және «От Пионерии до Жас Ұлан» атты мұражайларға барады.

Жаңа жылғы демалыс күндері ерекше көңіл күйде өтеді. Аяз ата мен Ақшақардың шығармашылық шеберханасында қонақтар жаңажылдық ойыншықтар, сыйкәделер, бетпернелер, карнавалдық бейнелер жасайды. Балалар үлкен қызығушылықпен «Әдеби квест» зияткерлік ойынына қатысты. Ойын бірнеше бекеттерден құралған: «На старт!», «Незнайкины сказки», «Волшебный сундучок», «Сокровище народной мудрости», «Секретная информация».

Көктемгі демалыс кезінде оқушылар «Асыл мұра» танымдық бағдарламасына қатысады. Ойынға қатыса отырып, олар ауыз халық шығармашылығын үйренеді, ұлттық ойындар ойнайды, қазақ халқының салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен танысады, көпшілікке таныс емес ұлттық аспаптар және қазақтың ұлттық тағамдары жайлы мәлімет алады. Оқушылар 5 ауылды аралайды: ұлттық нақышта безендірілген «Өнерпаздар» (Любители искусства), «Мұрагер» (Наследник), «Шеберлер» (Мастера), «Алтыбақан» (Качели), «Мерекелі дастархан». Іс-шара қонақжай дастарханмен аяқталады.

Ашық есік күнінің әр күніне арнайы концерттік бағдарлама дайындалады. Күзгі демалыста - «Туған күніңмен, Сарай!», қысқы демалыста - «Под Рождественской звездой!», көктемгі демалыста - «Весенняя капель».

Оқу жылы барысында 600-дан астам бала Оқушылар сарайының ашық есік күндеріне қатысады.





«Белая ворона» клубы және әдеби қонақжайы түлектер буыны сабақтастығының дамуына ықпал етеді. Кездесулердің тұрақты қатысушылары бұрын Оқушылар сарайында шұғылданған Павлодарлық Ертіс өңірінің белгілі ақындары, жазушылары, журналистері, суретшілері болды. «Солнечный поэт Павлодара» атты кездесуде оқушылар дарынды балалар ақыны

Елена Игнатовскаямен танысты. «Рауан» әдеби-шығармашылық студиясы тәрбиеленушілері, денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі «Самал» оңалту орталығының балалары және олардың ата-аналарының қатысуымен өтеді. Өзін-өзі тану онкүндігі шеңберінде «Тропой Абая» жылжымалы әдеби қонақжайы отбасы үлгісіндегі балалар үйінде «Махаббат және шығармашылық педагогикасы» өткізілді.



Балалардың жазғы бос уақытын қамту бағдарламасы



Облыс және қала мектептерінің оқушылары үшін жазғы демалыс кезінде үшінші жыл «Шуақты жаз-Радужное лето» бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2016 жылдан бастап оқушылардың жазғы демалысы Оқушылар сарайының екі корпусында ұйымдастырылады.

Бектұров 14 ғимартында «Жас Ұлан» бағдарланған жасақтарына, Оқушылар сарайының негізгі ғимаратында мектеп жанындағы лагерьлерге арналған(1 Май көшесі, 27). «Жас Ұлан» балалар активінің бағдарланған жазғы мектебі және «Балалар әлемі -2016» бағдарламалары әзірленді. «Балалар әлемі -2016»бағдарламасы вокалдық, хореографиялық, аспаптық, театралды, техникалық, сәндік - қолданбалы, бейнелеу бағытындағы шығармашылық алаңдардың жұмысы арқылы жүзеге асырылды. Мемлекеттік тілдегі мектептерге арналған ойын бағдарламалары мен киізден ұлттық бұйымдар дайындау, домбырада ойнау, бастапқы техникалық үлгілеу бойынша шеберлік сабақтар өткізілді. Театраландырылған көрсетілімдер, конкурстық – ойын және концерттік бағдарламалар өткізілді. Жеке блокқа экскурсиялық маршруттар бөлінді. «Ақбұлақ» экскурсиялық-танымдық бағдарламасына сәндік-қолданбалы өнердің көрме залын көру, экологиялық зертхана, «Аталар-ардагерлер, немерелер із зерттегіштер» және « Пионериядан Жас Ұланға дейін» мұражайларына бару енгізілген. «Жарық жұлдыз» экскурсиясы Оқушылар сарайының астрономиялық блогы, обсерватория мен планетарий арқылы өтеді. Барлығы 4 театраландырылған көрсетілім, 3 концерттік және 2 конкурстық-ойын бағдарламасы, 66 экскурсия жүргізілді. 28 мектептен қамтылғандар саны 12565 адамды құрады.

«Жас Ұлан» балалар қозғалысының көшбасшыларына арналған бағдарлы көшбасшылықтың жазғы мектебі өз жұмысын бастап кетті. Жасқыраншылар мен жас ұландарға арналған мектептің жұмысы мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі: «Көшбасшылық формат» ақпараттық орталық, «Шығармашылық формат», спорттық іс-шаралар, шығармашылық шеберханалар ұйымдастыру, тренингтер өткізуді қамтитын «Ұжымдық-шығармашылық істер». Бағдарлы көшбасшылықтың жазғы мектебінде Павлодар қаласының 25 мектебі мен 10 ауданының балалар-жасөспірімдер мектебінің 1500 адамы білім алды. «Шуақты жаз - Радужное лето - 2016» бағдарламасының аясында екі ауысымда 14065адамды қабылдап үлгерді.




4. Бұқаралық балалар қозғалысын дамыту.

«Нұр Отан» Халық-Демократиялық партиясының XIII Съезінде Президент мынадай ұсыныс жасады: «Жас қазақстандықтардың арасында жұмыс жүргізу керек. Еліміздің жастарын біріктіру қажет, «Жас Ұлан» бірыңғай қозғалысын құру қажет. Партияға балалар ұйымдарының

жаңажүйесін құру туралы мәселені қарастыруға тапсырма бердім, мысалға оны «Жас Қыран» деп атасақ. Тапсырманы орындау үшін, және қазақстан республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында, 2011 жылғы 6 шілдеде «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық Бірлестік құрылды. Балалар –жасөспірімдер ұйымы 60 мыңнан аса баланы қамтиды. Жастармен жұмыс балалар-жасөспірімдер ұйымдары және балалар бірлестігінің VII облыстық Құрылтайында бекітілген «Павлодарлық Ертіс өңірінің балалары» балалар қозғалысын дамыту облыстық бағдарламасына сай құрылады. Біздің мақсатымыз жастар мен жасөспірімдерді әлеуметтік тәжірибеге тарту арқылы өскелең ұрпақтың табысты әлеуметтенуі және тиімді өзін-өзі көрсете білуіне қолайлы жағдай жасау болып табылады.

«Жас Ұлан» ұйымының жұмысы келесідей бағыттар бойынша құрылады:



Әрбір бағыттың қызметі жобалық қызмет арқылы құрылған. Үш жыл ішінде 21 жоба өткізілген. Тоғыз жоба дәстүрлі болды: «Табысқа жету жолын өмірде үйренуге болады», Жасұланшылар күні, «Табысқа бастар жол», «Тәлімгерлер ассоциациясы», «Үміт сәулесі», «Педагогикалық Даңқтың аллеясы», Көшбасшылықтың жазғы мектебі, «Жас Ұлан», «Үздік Ұлан», қалалық, аудандық балалар-жасөспірімдер ұйымы көшбасшыларының облыстық байқау-конкурсы, «Жобалар шеруі».



2015-2016 оқу жылында жаңа форматта жобалар кешені жүзеге асырыла бастады: «Көшбасшылық және өзін-өзі дамытудың күндізгі және сырттай мектебі» (балалар активі және тәлімгер шеберлігінің мектебі), кешенді «Үміт сәулесі» (балалар бейбітшілік орталығы), «Мектеп омбудсмені», «Чернобыль. Ұмытпау үшін еске сақтау. Чернобыль апатына 30 жыл», «Табыс траекториясы» кешенді жобасы, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 қадамы» қалалық жобасы, «Бала би», «Бейне естелік». Әрбір жоба– бұл белгілі мақсат және міндеттерге бағынышты іс-шара, конкурс, шығармашылық алаңдар кешені.

**«Тәлімгерлер ассоциациясы»
тиімді көшбасшылық және өздігінен даму күндізгі-сырттай мектебі**

Тиімді көшбасшылық және өздігінен даму күндізгі-сырттай мектебі-БЖҰ үйлестірушілерін және балалар ұйымдарының көшбасшыларын дайындауды жүзеге асыратын оқушыларды оқытудың бір түрі болып саналады. Өз жұмысында мектеп негізгі құжаттарды: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Бала құқығы туралы Конвенция, «Білім беру туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты» Қазақстан Республикасының Заңдары, «Облыстық балалар-

жасөспірімдер ұйымы» ҚБ және «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымы» ҚБжарғыларын басшылыққа алады.


Мектеп жұмысы балалар мен жасөспірімдердің тұлғалық дамуына және шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың ұжымда нақты практикалық жұмыстың білім, білік және дағдыларын иеленуіне жағдай жасайды.

Білікті дамытуға бағытталған сабақтардың ұйымдастыруын шамалаған практикалық қызметке лидерге қажетті білік пен дағдылар топтамасы: нақты істердің міндеттерін анықтау; жұмысты жоспарлау; өзінің және басқалардың іс-әрекетін үйлестіру; істі өткізу үшін қажетті құралдарды; істі, өз ұйымының қызметін талдау; әртүрлі қызықты істерді ұйымдастыру; балалар ұйымы мүшелерінің жағдайын талдау, оған дайындалу барысында адамның ерекшелігін, оның дарыны мен талантын ашатын тапсырмаларды іріктеу; қоршаған ортаны жақсартуға арналған жұмысты ұйымдастыру; ақпаратты алу, сақтау және пайдалану дағдылары.

Мектеп жұмысын ұйымдастыру.

Көшбасшылық пен өзін-өзі дамытудың күндізгі және сыртқы мектебі: балалар активінің және тәлімгерлік шеберліктің мектебі.

Мектептің құрылымы



Үдіріс күндізгі және сырттай түрде ұйымдастырылады, негізгі екі блоктан құрылады: теориялық және жәжірибелік. Күзгі, қысқы, көктемгі-үш сессия тиімді көшбасшылық мектебінің тәжірибелік секциясы және Жасұланшылар күні түрінде өткізіледі. Сессияаралық кезеңде электрондық пошта арқылы, Facebook әлеуметтік желісі, Контакт, скайп және ватсап бойынша қашықтан оқыту, сол сияқты Павлодар қ мектептерінде, Оқушылар сарайы және аудандық балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының жылжымалы алаңдарында жүзеге асырылады. Активтың беделі мен абыройы, балалардың өзін-өзі басқаруы көбінесе оқытуды біліктілікпен ұйымдастыру, әрбір белсендінің балалар ұжымындағы жұмысты ұйымдастыру үшін қажетті білім және дағдысына байланысты.

Мектеп нәтижелігінің көрсеткіші «Павлодарлық Ертіс өңірінің балалары» «Жас Ұлан» ОБЖҰ жұмыс бағдарламасына қатысу болып табылады. «Табыс траекториясы»кешенді жоба арқылы рейтинг жүргізіледі.

Мектеп өз қызметін төрт білім беру курстары бойынша жүзеге асырады:

1. «Ұланбасы мектебі» жасөспірімді қоғамға пайдалы белсенді жұмысқа тарту арқылы көшбасшылық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасауға бағытталған, оқушыларды өзін-өзі басқару органдарында жұмыс істеуге дайындау.

2. «Омбудсмен мектебі» - балалардың белсенді қатысуына негізделген білім беру үдірісі, оның арқасында олар адам құқығы жайлы білім алады және адам құқығын түсіне бастайды, теңдік пен абырой сезіміне құрметпен қарауды, құқықты қорғауға қажетті дағдылар мен қабілеттерге үйренеді.

3. «Жас тілші мектебі» балаларға бұқаралық ақпарат құралдарын құруға қатысуды ұсынады, бұқаралық қарым-қатынас саласында өз жолын табуға, қызықтырған істе мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, өзінің жетістіктерін қоғамдық пікірмен бекітуге мүмкіндік береді.

4. «Бітімгер мектебі» жастар арасында төзімділікке бағышталған белсенді құндылықтарды орнатуға және бітімгерлік бағытта жұмыс істеу үшін белсенділік қалыптастыруға, әлеуметтік мәселелерді ашық талқыға салу үшін жағдай жасауға бағытталған .

Курс 3-10 сынып оқушыларына арналған. Мазмұндағы толықтырулар Павлодар облысының «Жас Ұлан» ББЖҰ жоспарына сәйкес жанартылады.


Балалар-жасөспірімдер активінің мектебі жыл бойы жұмыс істейді. Демалыс уақытында күзгі және қысқы сессия, сол сияқты көктемгі «Көшбасшылық формат» тренинг мектебі өз жұмысын жалғастырады.

Айта кету керек, Мектептің жұмыс тәжірибесі бірі білім беру мекемесі шеңберінде кіші, орта және ересек мектеп жасындағы балалар ұйымдарының арасында сабақтастық жүйесінде көрініс табатын балалар қоғамдық қозғалысын дамытудың жүйесі мен бірлігін құруға және балалар ұйымдарының демалыс уақытында жеке өздерін қызықтыратын лагерь, экспедиция, жорық, актив мектебінің бағдарламасын әзірлеуге көмектеседі.

«Тиімді көшбасшылықтың шеберханасы» тәлімгер шеберлігінің облыстық мектебі

Заманауи жағдайлар әдістемелік қызметтің сапалық тұрғыдан өзгеруін талап етеді, ол тәлімгерлерге әдістемелік көмек көрсетуді білдірмейді, тәлімгердің тәрбие жұмысын өздігінен дамытуға жағдай жасауды білдіреді. Бұл жұмыстың басым түрлерін, қиыншылықтар диагностикасының нәтижесін ескере отырып, әрбір тәлімгердің қажеттілігін қанағаттандыруға мүдделі облыстық тәлімгер шеберлігі мектебінің рөлін арттыруға себепші болады. Тәлімгердің шеберлігін үздіксіз дамыту міндетін шешуге тәлімгердің кәсіби дамуын қамтамасыз ететін, ашық дамытатын орта ретінде, тьюторлық қолдауға негізделген жүйе көмектеседі.

Бұл біріктірілген құрылым.



Барлық жұмыс мына негізде құрылады:

- Бірлескен іс-әрекет;
- «Жас Ұлан» балалар қозғалысының үйлестірушілері және тәлімгерлерін біріктіру мүмкіндігі;
- Тәрбие үдірісін ұйымдастырудың тиімді түрлерін іріктеу;
- «Жас Ұлан» үйлестірушілері және тәлімгерлерінің сапалық нәтижесінің негізгі көрсеткіштерін анықтау.

Облыстық тәлімгер шеберлігі мектебінің жұмысын ұйымдастырудың мақсаты балалар-жасөспірімдер ұйымдарында тәрбие жұмысының сапасын арттыруға бағдарланған тәлімгер корпусының күшін біріктіру және үйлестіру болып табылады.

Міндеттері: бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптастыру; «Жас Ұлан» тәлімгерлері мен үйлестірушілерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру; тәрбие

жұмысының инновациялық технологияларын пайдалану; тәрбие үрдісінің сапалық мониторинг жүйесін әзірлеу; «Жас Ұлан» тәлімгерлері мен үйлестірушілерінің негізгі белсенділік көрсеткіші ретінде байқау-рейтингісінің өлшемдерін әзірлеу; нормативтік базасын жаңарту.

Облыстық тәлімгер шеберлігі мектебінің жұмысын әдістемелік қолдаумен қамтамасыздандыруға «5 Ш» жасау (5 шарттары) кіреді:

«1 Ш» құру	Инновациялық тәрбиелік технологияларды енгізу үшін жағдай жасау шарттары
«2 Ш» құру	Тәрбиелік ресурстар және инновациялық жұмыс шарттарымен «Жас Ұлан» үйлестірушілері және тәлімгерлерді таныстыру
«3 Ш» құру	Жас Ұлан» үйлестірушілері және тәлімгерлерінің кәсіби қиындықтарын байқап, нәтижелілігі мен тиімділігін анықтау шарттары
«4 Ш» құру	Тәлімгерлерге маңызды көмек көрсету, даулы мәселелерден оңай құтылу стратегиясын іріктеу шарттары
«5 Ш» құру	Инновациялық педагогикалық тәжірибені тарату шарттары


Тәлімгер шеберлігінің облыстық мектебі қызметінің басты нәтижесі - балалар-жасөспірімдер ұйымында тәрбие жұмысының сапасын арттыру.

ТШМ ұйымдастырушының басты міндеті – түрлі бағдарламалар мен жобаларды орындау бойынша келісілген іс-әрекеттерді үйлестіру. Сондықтан барлық жұмыс тәлімгер шеберлігінің облыстық мектебінің шеңберінде мыналар арқылы құрылады:

- тәлімгерлердің білім қажеттіліктерін талдау, жұмыстың мазмүні бойынша ұсыныстар қалыптастыру;
- инновациялық бағдарламалар байқауының нәтижесін бақылау және қолдау, жаңа тәрбие әдістемеліктері мен технологияларын жүзеге асыру;
- жекелеген «Жас Ұлан» үйлестірушілері мен тәлімгерлердің жұмысын сараптау;
- аттестация бойынша ұсынымдар, марапат және ынталандыруға ұсыну; озық тәжірибені зерттеу және жинақтау;
- нновациялық бағдарлама әзірлеу;
- кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру;
- диагностикалық зерттеулер жүргізу.

Тәлімгер шеберлігінің облыстық мектебі аясындағы жұмыс

Тәлімгер шеберлігі мектебінің аясында өткізілетін семинар сабақтардың тақырыбы сұранысқа қарай анықталады.



«БЖҰ тіршілік қарекеті кеңістігінде стратегиялық қағидалар мен әлеуметтік педагогикалық басымдылықтар»; «Аға тәлімгер жұмысындағы заманауи технологиялар». Экспресс-диалог «Менің табысым – бұл менің шеберлігім немесе аға тәлімгер жұмысындағы заманауи технологиялар». Шығармашылық зертхана «өмірдегі табысқа үйренуге болады ...»; «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымының жұмысында инновациялық технологияларды пайдалану». Шеберлік сабақ «Балалармен жұмыста АКТ пайдалану». Тренинг «Білім фигурасы» («Компасито» балалар құқығын үйрету бойынша Еуропалық бағдарлама). Шығармашылық зертхана «Тәлімгер шеберлігі»; «Жазғы кешенді жобаларды жүзеге асыру арқылы балалардың демалысына ықпал жасау». Гайд – саябақ «Жаз және тәлімгер». Тренинг «Біз – жол қауіпсіздігі үшін күресеміз!», Дайджест «Мен және менің ұйымым». Гайд - саябақ «Менің таңдауым – менің борышым». Шапшаң әрекет ету тобы «Облыстық Құрылтай қарсаңында»; «Тәлімгердің ұйымдастырушылық жұмысының мониторингісі». Брейнсторминг (ой шабуылы) «Мониторинг». Танымдық іс «Әліпби немесе тәлімгердің ұйымдастырушылық жұмысының мониторингісі». Сейнш (еркін ой – пікір айту, көрсету) «Менің жұмысымның картасы бойынша»

саяхат» (шығармашылық белсенділік картасын құру); «Тәрбие жұмысы саласында облыс балалар-жасөспірімдер ұйымдарының жүйелік әрекеттестігінің үлгісі»; Мына бағыттар бойынша: «Аға тәлімгерлер жұмысындағы инновациялық технологиялар»: «Құқықтық қиылыс. Құқық тәрбиесі бойынша тәлімгер жұмысындағы инновациялық технологиялар», «Мейірімділік ғылым емес, ол іс- әрекет. Жастар арасында еріктіліер қозғалысын дамыту», «Патриоттық тәрбие бойынша тәлімгер жұмысының интерактивтік әдістемелері», «Өз дауысың. Баспасөз орталығының жұмысы», «Көшбасшылықты дамыту – білім беруді жаңғыртудың ресурсы» және «Жас Ұлан» балалар қозғалысы Павлодар облысының ересектер мен балалар ынтымақтастығының формуласы ретінде» аудандық балалар-жасөспірімдер ұйымдары және «Жас Ұлан» үйлестірушілерінің қатысуымен Ересектер және Балалар палатасының кеңесін өткізу. «Жас Ұлан» ОБЖҰ жобалары мен жұмысының басты бағыттарының тұсаукесері. Практикум «Тың ойлар мен оны іске асыру» «Еріктілердің жұмыс аясын кеңейту». ҰШЖ іріктеу. «Оқушының сабақтан тыс патриоттық тәрбие жүйесіндегі балалар ұйымдары». ҰШЖ іріктеу. «Балалық шақтың шартты түрде қабылданған кеңістігі». ҰШЖ іріктеу. «Оқудан тыс жұмыстың инновациялық түрлері». ҰШЖ іріктеу.

Мектеп нәтижелігінің көрсеткіші балалар-жасөспірім ұйымдарының «Павлодарлық Ертіс өңірінің балалары» «Жас Ұлан» ОБЖҰ бағдарлама жұмысына қатысуы болып табылады.

«Павлодарлық Ертіс өңірінің балалары» бағдарламасы балалар-жасөспірім ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне инновациялық әлеуметтік-педагогикалық жобаларды енгізу мүмкіндігіне ие. Ол салауатты өмір салты негізін, жасөспірімдердің белсенді азаматтық мінез-құлық үлгісін қалыптастыруға ықпал жасайтын әзірлемелер және инновациялық әлеуметтік-білім беру технологияларын дайындайды; ашық іс-шаралар, шеберлік сабақтар, жаңа әдістермен технологияларды сынап жүрген балалар ұйымдарының табысты тәжірибесінің тұсаукесерін өткізуді қарастырады.

«Павлодарлық Ертіс өңірінің балалары» бағдарламасы

Бұл бағдарлама таңдаған бағыттары бойынша әр балалар-жасөспірімдер ұйымының өзіндік бағдарламасына айналды, оның әрқайсысы жас ұланға барлық істің белсенді қатысушысы болуға және көңіліне ұнайтын істі таңдауға мүмкіндік береді.

«Павлодарлық Ертіс өңірінің балалары» «Жас Ұлан» балалар қозғалысының үйлестірушілері мен аға тәлімгерлеріне арналған қоғамдық әртүрлі жұмыс сипатына қарай және бұл жұмыстың түрі мен стилін, тәрбиелік ықпалының әдістерін толық түрде анықтайтын жасұланшылардың кешенді тәрбие бағдарламасы болмақ.

«Павлодарлық Ертіс өңірінің балалары» үзіліссіз істердің жалпы ағымына жалғасады, ол оқу жылының аяғында қорытындылаумен

аяқталады, әр балалар –жасөспірімдер ұйымы өзінің жетістіктері туралы баяндайды. «Павлодарлық Ертіс өңірінің балалары» бағдарламасының әр кезеңінде балалар –жасөспірімдер ұйымдарының нәтижелік рейтингісі жүргізіледі. Ең белсенді ұйымның қорытындысы бойынша «Жас Ұлан» Үздік ұйым» атағы беріледі.

«Павлодарлық Ертіс өңірінің балалары» келесідей тараулардан құралады:

1. «ЖАСҰЛАНДАР ОТАН ҮШІН»
2. «ЖАС ПАТРИОТ»
3. «ЖАС ҚЫРАН - ЖАС ҰЛАН - ЖАС ОТАН»
4. «САЛАУАТТЫ БОЛАШАҚ»
5. «РУХАНИЯТ»
6. «ЗЕРДЕ»
7. «ЖЕТІ ЖАРҒЫ»

Әр жоба жарқын парақтары болуға тиісті нақты істер, акциялар, іс-шаралармен толығады.

Бұл бағдарлама балалар ұйымының ғана емес, сол сияқты балалар ұйымы жұмыс істейтін мектептің жұмыс жоспары бола алады, ал оның мүшелері «Павлодарлық Ертіс өңірінің балалары» бағдарламасының барлық істерінің ұйымдастырушысына айналады.

Бағдарламаның мақсаты: Өскелең ұрпақтың патриотизм сезімін қалыптастыру, білімжәне өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, іске жауапкершілікпен қарау, елінің тарихы Тәуелсіз Қазақстанның қазіргісі мен болашағына қатысты болу, үлес қосуға жағдай жасау.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) Қазақстан халқының тарихы, мәдениетін білу негізінде өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік әлеуетін қалыптастыру;
- 2) балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігін және сана сезімін арттыру;
- 3) танымдық жұмысқа жағдай тудыру;
- 4) балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік, шығармашылық және интеллектуалды дамуы үшін оңтайлы жағдай жасау;
- 5) баланың жауапкершілігі мен еңбекқорлығы, көшбасшылық әлеуеті және ұйымдастырушылық қабілетіне бағытталған жеке басының қасиеттерін дамыту.

«Жасұландар Отан үшін» бөлімі

Жоспарланған акция, іс-шаралар мен жұмыстар: «Экоәлем өрендері». Өз үйінің ауласы, мектебі, қамқоршылыққа алған балабақша аумағында ағаш отырғызу бойынша акция.«Кітап – асыл қазына». Мектеп кітапханасында кітаптарды жөндеуден өткізу бойынша акция, «Қанатты достарға көмек». Кұстарға арналған ұяларды дайындап, оларды ілу акциясы. Мектептің бастауыш сынып оқушылары арасында ұя жасауда шеберлік сабақтар өткізу және оларды осы акцияға тарту. Зерттеу жобаларын әзірлеу.

«Ағашты қорға». Макулатура жинау бойынша акция. Инновациялық-зерттеу жобаларын әзірлеу.

«Жас патриот» бөлімі

Аталмыш бағыт өте маңызды. Патриоттық жұмысқа балалар ұйымында басымдылық беріледі, сондықтан бұл бағытқа жауапкершілікпен қарап, тарихи тәжірибені, әрине, жаңа мүмкіндіктерді пайдалану керек. Жоспарланған акциялар, іс-шаралар, істер: «Орда» әскери-спорттық ойыны. Бұл ойын бірнеше кезеңдерден тұрады. «Жеңіс кескіндемесі». Акция 9 мамыр қарсаңында өткізіледі. Жас ұрпақтардан құттықтауы мен алғыс сөздері бар хат үшбұрышталып, балалар гүл шоғын қосып ардагерлер қолына табыстайды, ал ардагерлер матада (шаршы) өскелен ұрпаққа өз тілектерін жазып қалдырады. Одан кейін маталар біріктіріліп тігіледі, бұл іс-шараның басты безендіруі болады. Сол уақытта іздеу топтары сауалнама толтырып, ардагерлер, олардың туыстары атынан естеліктер жазып алады. Бұл материал «Естелік кітабы». «Үміт сәулесі» кітаптарының негізіне жатады. «Балаларға балалар», «Мейірімді істер марафоны» қоршаған ортаға қажетті көмек көрсетуге бағытталған акциялар мен іс-шаралар. «Бір шаңырақ астында». Бұл нағыз мультиэкспедиция. Экспедиция шеңберінде балалар біздің Республикамыздың түкпір-түкпірімен танысып, басқа аймақтағы құрбыларымен достаса алады. «Көркем Қазақстан». Күндізгі және сырттай экспедициялар жасайды, өзінің кіші Отанының көрікті жерлерін зерттейді. «Қазақстан 2050». Әр түрлі аталым бойынша бейнеролик конкурсы өтеді, оларда республиканың болашағын қалай елестейтінін көрсете алады. «Табысқа бастар жол». Павлодар облысының дамуына үлес қосқан атақты және әйгілі адамдарымен кездесу.

«Жас Қыран - Жас Ұлан - Жас Отан» бөлімі

Бұл бөлім ұрпақтар сабақтастығына арналған, өзінің балалар ұйымының болашақ мүшелерін дайындау мақсатында ең бірінші жасы кіші оқушыларға назар аудару керек.

Жоспарланған акциялар, іс-шаралар, істер: «Жас қырандар күні». Аптаның әрбір күні белгілі бір тақырыпқа арналған, мысалы, еңбек десанты, кітаптың күні, ойын және ойыншық күні, спорт және денсаулық күні, достық күні, тәлімгер күні, балалар ұйымының күні. Ең бастысы, апта бастауыш сынып балаларын «Жас Ұлан» балалар ұйымының мүшелерімен жақынырақ таныстыру. «Ұрпақтар байланысы» Әр уақыттағы ұрпақтардың тәлімгерлерімен кездесу. «Жас Ұлан жылнамасы». Өз мектебінің балалар-жастар ұйымдарының шежіресін құру. «Біз Отанның болашағымыз!» балалар жастар ұйымы мектептің ата-аналар жиналысында, бұқаралық іс-шараларда өздері өткізген мейірімді істерімен таныстырыңыздар. «Траектория успеха» мектеп комитеті және БЖҰ қызметі туралы тұсаукесерлер байқау-конкурсын ұйымдастыру.

«Салауатты болашақ» бөлімі

Аталмыш бөлім бойынша көп іс-шараларды өткізуге болады. Жоспарланған акция, іс-шаралар, жұмыстар: «Бәйге». Мектепте ойын фестивалін ұйымдастыру. Спортзал, мектеп дәлізі, мектеп ауласын пайдалануға болады. Әрбір жерге ойын кезеңдерін орналастырып, мысалы секіртпемен секіру, баскетбол себетіне допты лақтыру, дартс, орында секіру т.б. Міндетті түрде ұлттық ойындар алаңын енгізіндер. «Дені сау отбасы». Көңілді старт, спорттық фестиваль және мейрамдар, ата-аналарды, аға-бауырларды, әпке-сіңлілерді қатыстырып ұлттық ойындар өткізу. «Кіші Олимпиада ойындары». Спорттың түрлері бойынша жарыстар. «Көкжиек» туристік слеттер, жорықтар, туризмнен түрлі жарыстар, туристік соқпаққа өту. Зерттеу жобаларын әзірлеу.

«Руханият» бөлімі

Аталмыш бөлім шығармашылықты, қызметтің әртүрлілігін қажет етеді. Әр түрлі тақырыпқа суреттер мен бұйымдар, фотосуреттер мен бейнероликтердің әртүрлі конкурстарын бүгінгі күннің де балалар-жастар ұйымының мүшелеріне ұйымдастыру қолдарынан келеді.

Жоспарланған акция, іс-шаралар, жұмыстар: «Жаңа леп». Бұл әр жылдардағы әндердің немесе авторлық жұмыстардың конкурсы да, фестивалі де болуы мүмкін. Оған балалар қозғалысының ардагерлерін, әжелерді, аталарды, ата-аналарды шақыруға болады. Бұл өзгеше ән мейрамы болады. «Ұланымыз ұлы елдің». 20 қараша – Қазақстанның пионер ұйымының туған күні, 6 шілде – Астана елордамыздың күні және «Жас Ұлан» бірыңғай балалар жастар ұйымының туған күні. Біздің республикада балалар қозғалысы дамуының негізгі кезеңдері. Балалар қозғалысы ардагерлерді, әжелер мен аталарды, ата-аналарды қатыстыра отырып, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады. «Шығармашылық алаңы» Осы атаулы күндерге арналған суреттер, плакаттар, шығармалар конкурсы. «Траектория успеха» - мектеп комитеті және БЖҰ қызметі туралы тұсаукесерлердің байқау-конкурсын ұйымдастыру. Бағыттар бойынша «Үздік Ұлан» конкурсы.

«Зерде» бөлімі

Жоспарланған акция, іс-шаралар, жұмыстар: «Жобалар шеруі». Сіздердің балалар - жастар ұйымы азаматтық және шығармашылық қызметінің көп түрлерін құру, аудан, қала Отан ретінде шынайы қоршағанын позитивті қабылдауын қалыптастыру үшін идеялар мен бастамалар «Жобалар шеруіне» жұмысты екі бағыт бойынша ұсынуға болады: әлеуметтік және инновациялық-зерттеу бағыты. Павлодар облысының ең дарынды балалары туралы жинақ. «Ұланымыз ұлы елдің». Жас ұрпаққа үлгі алатын өздерінің құрбылары, өзі сияқты қарапайым балалар, үлкен таланты бар және өз еліне көмекке дайын тұратын тілегі бар.

«Жайдарлы Жас Ұлан» зияткерлік ойыны. Бұл көпшілікке ұнап жүрген көңілділер және тапқырлар клубының жаңартылған нұсқасы. Ойын жасөспірімдердің зияткерлік және шығармашылық деңгейін көтеруге бағытталған «Тілші болғым келеді». Балалардың журналистикаға деген қызығушылығын арттыратын және балалар БАҚ үшін бірыңғай диалогті алаң құруға бағытталған балалар БАҚ медиа-форумы; балалар басылымдарының негізгі ұстанымдарын мен механизмдер жағдайын жақсартуын анықтау; бірлескен жұмысты ұйымдастыру. Бұл бастама конкурстар мен шеберлік сабақтарға қатысу арқылы жас тілшілерге журналистика негіздерін игеруге септігін тигізеді.

«Жеті жарғы» бөлімі

Жоспарланған акция, іс-шаралар, жұмыстар: «Бала би» - балалар мен жастар арасында шешендікке баулитын конкурс. Бұл конкурс өзіне сенімділікті дамыту, өз ойын сауатты жеткізу, диалог құра білуге көмектеседі. «Ел рәміздері – менің мақтанышым» - зерттеу-танымдық конкурсы, тарихты түсіндіруге, мемлекеттік рәміздердің маңыздылығы мен құрметтелуі, олардың пайдалану саласына бағытталған, ұлттық мәдениет құндылықтары туралы білімдерін кеңейтуге көмектеседі. Бұл біздің республикамыздың мемлекеттік рәміздерді шығару тарихы жайлы шығармалар, аңыздар және ертегілер конкурсы. «Мектеп омбудсмені» - білім беру үрдісі қатысушыларының оқу-тәрбие жұмысы біртұтас жүйесінің жалғамалы бөлігі ретінде құқық мәдениетін дамытуға ықпал етуге бағытталған байқау-конкурсы.

Балалар бейбітшілік орталығы



Павлодар – волонтерлік және экологиялық қозғалыспен даңқы шыққан қала. 2015 жылдың қарашасында ол «Жақсылық жаса» әлеуметтік сыйлығының иеленушісі болып, ең мейірімді қала атты құпия атағын растады. Бұл жеңісті Павлодар ақтады, себебі бітімгерлікке, еріктілікке және қарапайым адамгершілікке мұнда жастайынан, балалық шақтан үйретеді. 2014 жылдан бастап М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайында жұмыс істейтін облыстық Балалар бейбітшілік орталығы балалар бойында ең таза ниеттерді тәрбиелеу керек – жақынына көмек беру, біздің тәуелсіз

және толерантты Отанымызда барлық ұлттар арасында бейбітшілік пен келісімді сақтау.

«Бірыңғай саппен болашақ адамы үшін» - осындай ұранмен Қазақстанда жалғыз, Павлодарлық Балалар бейбітшілік орталығы өз жұмысын жүргізеді.

Қазіргі кезде жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда жастарды тәрбиелеуде жұмыстың жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру жүріп жатыр. Ересек ұрпақтың алдында көп міндеттер тұр: жас ұрпақты бейбітшілік және зорлықсыз рухында тәрбиелеу, басқалардың қадір-қасиетін сыйлау, өз елінің азаматы ретінде өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіну және жүзеге асыру, қайырымды болу, аса өнегелі ұрпақ тәрбиелеу.

Балалар бейбітшілік орталығы барлық Павлодар облысын қамтитын бірнеше жобаларды жүргізеді. Балалар бейбітшілік орталығы 2015жылдың қыркүйегінде «Үміт сәулесі» жобасын іске қосты. Бұл жобаға Павлодар қаласының және облыстың қатысуға ниет білдірген барлық балалар-жастар ұйымдары, кез-келген оқушы немесе оқушылар командасы қатыса алады. Мега-жоба бірнеше ұзақ мерзімді мини-жобалардан құрылған: «Табысқа бастар жол», «Жас бітімгерші», «Үздік ерікті жасақ».

Егерде бір мини-жобалар шығармашылық кездесулер, әңгімелесу түрінде өтсе, мысалы «Табысқа бастар жол», екіншілері бақталастық, жарыс рухында өтеді - «Жас бітімгерші» және «Үздік ерікті жасақ».

«Бітімгершілер» - жай ғана сөз емес, бұл атақ, оған 2015жылы қыркүйекте балалар ие болып, олар «Жақсылық жасаймыз» деген ант берген. Олар сапасы мен саны жағынан жарысады: 11 қаңтарда «Бейбітшіліктің үздік бұрышы» конкурсы бастау алды, оның мақсаты бітімгершілер арасында үздіктерді анықтау.

Балалар орталығының алдында бір емес облыстық акция және көп жұмыс күтіп тұр: макулатура жинау, аула аймағын тазалау, ардагерлермен кездесу және оларға көмек көрсету, «Менің Отаныма 25 мейірімді іс» республикалық конкурсына қатысу.

Жуырда Облыстық Балалар орталығына ресейлік Владимир қаласынан хат келді. Барлық елдерде 58 филиалы бар Владимирлік бейбітшілік орталығы біздің орталықты бірлесіп жұмыс жүргізуге шақырды, бұл жақсылық пен бейбітшілікте шекара жоқ дегенді бідіреді.





«Бала би» шешендік өнер конкурсы



2016 жылғы қаңтардың 25-26 аралығында М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы және «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар жасөспірімдер ұйымы Павлодар Оқушылар сарайында «Бала би» шешендік өнер облыстық конкурсының іріктеу кезеңін өткізді. Конкурстың негізгі мақсаты - ана тілімізді құрметтеуге үйрету, шешендік өнерге деген құштарлықтарын арттыру болып табылады. Конкурса «Жас

Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымының көшбасшылары қатысты. Лебяжье, Баянауыл, Шарбақты, Ақтоғай, Ақсу, Павлодар аудандарының, облыс қалаларының 8-10 сынып оқушылары қатысты. Барлығы 38 оқушыдан тұратын 19 команда конкурса қатысты.

Жартылай финалға іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша 10 команда өтті, ол ақпанның 26-сына жоспарланған болатын. Жартылай финалда Лебяжье ЖОМ, дарынды балаларға арналған Абай атындағы №10 лицей-мектебі, Ақтоғай ауданы балалар шығармашылығы және бос уақытын қамту орталығы, Баянауыл ауданы Ақышев атындағы ЖОМ, Парамонов ЖОМ, Ақсу қаласы, Үштерек орта мектебі, Павлодар ауданы Ямышев ЖОМ, Павлодар қаласы №12, 35, 40 ЖОМ оқушылары кездесті.

«Бала би» шешендік облыстық өнер конкурсының жеңімпазы Астанада өтетін «Бала би» Республикалық конкурсына жоладама алады.



Заманауи, әсерлі және өзекті шоу М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайында 2016жылдың 26 ақпанында өткізілді. «Жас Ұлан» облыстық

балалар-жасөспірімдер ұйымы және Оқушылар сарайы «Бала би» шешендік өнер конкурсының жартылай финалын өткізді. Конкурс бірнеше кезеңнен тұрды. Қазылар алқасы қатысушылардың білімдерін, ой тереңдігін, тапқырлығын, тілге шешендігін, көпшілік алдында жасқанбай өз ойын айта білу қабілетін бағалады.



Конкурстың жартылай финал барлық кезеңдерінің қорытындысы бойынша финалға 6 команда озып шықты: Павлодар қаласының №№ 12, 35 ЖОМ оқушылары, Павлодар ауданының Ямышев ЖОМ, Ақтоғай ауданы балалар шығармашылығы және бос уақытын қамту орталығы, Баянауыл ауданы Ақышев атындағы ЖОМ, Ақсу қаласы Үштерек орта мектебі.

2016 жылғы 29 наурызда М.Катаев атындағы Оқушылар сарайында «Бала би» шешендік өнер облыстық конкурсының финалы өтті. Іс-шара ұйымдастырушылары: облыстық «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар жасөспірімдер ұйымы және М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы. Қазақ тілінде сөйлейтін үздік шешендерді оқушылар арасында үш тур қорытындысы бойынша таңдады. Конкурстың әр кезеңі көрермендер үшін әсерлі шоу болды, себебі сөз сөйлеушілер өз білімдерін, ой тереңдігін, тапқырлығын, сөзге шешендігін, айтыса алатынын көрсете білді. Финал турында конкурстың жеңімпаздары анықталды. I орынды Павлодар қаласы № 35 ЖОМ командасы иеленді, құрамында Жылқыбай Шыңғыс, Шаймолда Ұлжан болды. II орында Павлодар ауданы Ямышев ЖОМ-нің командасы, құрамында Сержан Хундыз, Болатхан Серікбол болды. III орынды екі команда бөлісті: Павлодар қаласы №12 ЖОМ–Қадыр Гүлнұр, Кәрібай Нұрбек және Ақтоғай ауданы балалар шығармашылығы және бос уақытын қамту орталығының командасы – Асылбек Оразхан, Бағзат Еркежан. Қазылар алқасы Астанаға шешендік өнерден республикалық конкурсқа Павлодар облысы атынан қатысуға баратын Павлодар қаласының №35 ЖОМ оқушысы Жылқыбай Шыңғыс және Павлодар ауданы Ямышев ЖОМ-нің оқушысы Болатхан Серікбол деп шешім қабылдады.

Омбудсмен мектебі

2014 жылдың қыркүйегінен бастап құқықтық бағыт бойынша жұмыс жандандырылды. Биылғы жылы омбудсмен мектебі жұмысының негізі адам құқығын балаларға үйретуде Европа Кеңесі құрастырған Халықаралық бағдарламасы КОМПАСИТО онлайн ресурсы электрондық құралы болды.

Мектеп омбудсмендерімен жұмыс идеологиясы тұлғаның құқығын, бостандығын және заңды мүддесін қорғауда оқушылардың құзіреттілігін дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Ересектермен бірлесіп отбасы, мектеп, қоғам, мемлекет өмірінде оқушылардың қатысуымен жана түрлер іздестіру; оқушылардың, олардың ата-аналарының және педагогтердің оқу орындарында құқықтық кеңістік құру мәселесіне зейінін аудару; оқушылардың мүддесі және құқығы бұзылуына байланысты жағдайларды шешу; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында жақсы қарым-қатынас құруды қалыптастыру; құқықтық білім беру мәселесінде оқушылардың қызығушылықтарын дамытуға ықпал жасау; қоғамдық құндылық ретінде олардың құқыққа өз қатынасын анықтау.

2016 жылдан бастап «Болашақ бүгіннен басталады!» жобасының аясында «Уақиғалар күнтізбесі - Календарь событий» алаңы жұмыс істейді. Балаларға арналған құқықтық ағарту үшін оқыту тренингтері, шеберлік сабақтар, облыс аудандарына мектеп омбудсмендерінің шығу күндері, Бүкіл әлемдік бала күніне арналған «Бала құқықтары – адам құқықтары» акциялары. Мектеп омбудсмендері мектептерде оқушылардың өзін-өзі басқару органы қызметін жандандыру мақсатында Мектеп кеңесі жұмысына қатысады. Қалалық және аудандық «Үздік Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымдары көшбасшыларының байқау-конкурсын өткізу дәстүрге айналған. Биылғы жылы конкурс қатысушылары қалалық, аудандық, «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымының 12 жас құқықтанушысы болды. «Мектеп омбудсмені - Үздік Ұлан» конкурсының күндізгі кезеңіне қатысушылардың үш сөз сөйлеуі кірді. «Мектеп омбудсмені - Үздік Ұлан» конкурсы арқылы, біріншіден, құқықтық мәдениетті көтеруге балаларға қандай жағдайлар жасалатынын көру; екіншіден, оқушылардың құқықтары сақталуы туралы жарнама болды. Облыстық байқау-конкурсының жеңімпазы Павлодар ауданы Ямышев ЖОМ оқушысы Болатхан Серікбол болды, ол Павлодар облысынан Алматы қаласы «Жас Ұлан» слетіне бару делегациясына енгізілді.

«Шаңырақ» скаут орталығы

